

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№1 (168),
ҚАҢТАР
2019 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев,
Т.Омарбеков, — т.ғ.д. акад.;
Б.Аяған, Ә.Мұқтар — т.ғ.д.,
проф.; Д.Сәтбай, С.Сымағұ-
лова, Ұ.Ысмағұлов — т.ғ.д.
доц.; Н.Әлімбаев, А.Жұмаділ,
Ж.Әшірбекова, М.Ноғайбаева,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина —
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен — п.ғ.к.,
Қ.Қарамандаев — тарихшы-
зерттеуші.

С.Әбішқызы — тұңғыш
бас редактор. Б.Матекова —
ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева
— озат ұстаздар.

Басуға 11.01.2019 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108 ¹/₁₆.
Шартты б.т. — 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы — 1500.
Индекс — 75748.
Тапсырысы —

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Ғылыми теориялық
мақала авторлары орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаша пікір ұсынуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-тұжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкеспей де
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Өтелбек Шынанов. Таңбалы жардағы көне таңбалар	2
Гүлнұр Нұрланова, Динара Қаратаева. Аңшылықтың соғыс өнерін қалыптастырудағы рөлі	5
Назгүл Байғабатова. Қазақ диаспорасының этномәдени бірегейлігі.....	7
Тұяқбай Рысбеков, Баян Шынтемірова. Әл-Фараби және тәрбие мәселелері.....	10
Берік Байболов, Мұхтар Исаев. Есім хан Ясауи кесенесі маңына жерленген.....	13
Асқар Сәбитов. Жабай ақиқаты қашан айқындалады?.....	14
Роза Бейсембина, Ғайнижамал Рсалдина. Алихан Бокейханов — лидер движения Алаш.....	19
Досалы Салқынбек. Халқы үшін төгілген тер.....	21
Сейітқали Дүйсен. "Шолпан" журналындағы ұлтаралық қатынас мәселесі.....	25
Серғали Әлімқұлов. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары.....	27
Фатима Қозыбақова, Бекболат Тілеп. Тұрар Рысқұлов және аштықпен күрес	29
Дидар Касымова. Конструирование культурного концепта счастья.....	31
Қайрат Қарамандаев. Майдангерлердің ерлігі	36
Б.Боранбаева, А.Жорасова. Қазақ-Қытай экономикалық ынтымақтастығы	39
Гульназ Раздыкова. Религиозный фанатизм как патологическая трансформация религиозного чувства верующего	41
Самал Князбаева. Анализ функционирования рынка туристических услуг в Республике Казахстан.....	44
Керимсал Жубатканов. Еще раз о роли личности в истории.....	47
Зауреш Тастанова, Гульмира Баймуратова. Угрозы информационного характера и религиозный фактор	49
Мінәпас Шунканов. Жанқожа батыр.....	51

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Бақтыгүл Қалдыкенова. Кенесары Қасымұлы	53
Айгуль Колдаева. Развитие критического мышления	54
Ұнасан Қапсәмет. Ер Жәнібек туралы	56

ӘОЖ 39(574)

ТАҢБАЛЫ ЖАРДАҒЫ КӨНЕ ТАҢБАЛАР

Өтелбек ШЫНАНОВ (Шнанов),
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың
тарих факультетінің II курс докторанты

Таңбалардың қазақ халқының көне тарихын жан-жақты зерттеу ісінде өзіндік орны ерекше. Қазақстан тарихының көне кезеңіндегі ру-тайпалар тарихына қатысты мәліметтер үзік-үзік беріліп жүр. Кеңестік дәуірде көне түркі тайпалары туралы зерттеулер аз болған жоқ. Алайда кейбір ғылыми тұжырымдардың әлі де індетте зерттеуді қажет ететіні анық. Көне тарихты білгісі келген адам қазақ жерінде мекен еткен ру-тайпалар арасындағы байланысты бірден аңғармауы мүмкін. Бірінен кейін бірі тарих бетінде орын ауыстырған көне түрік елдерінің өзара байланыстары толық анықталмаған. Бұл олқылықтардың орнын ру-тайпалар таңбаларын жан-жақты зерттеу арқылы толтыруға болады. Тіпті қазіргі түркі халықтарының өзара байланыстарын осы таңбалар арқылы да айқындауға болады.

Ру-тайпалар таңбаларының ерекше топталып шоғырланған жері – Бетпақдаладағы «Таңбалы жар» естерткіші. Ол – қазақ халқының жеке дара ел болып, Қазақ хандығын құруының алғашқы куәгері. Таңбалы жар туралы алғашқы мәліметтер XIX ғасырдың соңында орыс саяхатшылары мен зерттеушілері еңбектерінде жарық көрді. Олардың қатарына М.Иванин, Л.Кузнецов, А.Шренктерді жатқызуға болады. Алғашқы зерттеушілер Таңбалы жар естерткішінің қазақ тарихындағы орнын, ерекшелігін байқады. Ондағы түрлі таңбалардың ерекшелігі өзіне назар аудартты. Ресей патшалығының арнайы ұйымдастырған экспедициялары кезінде қағаз бетіне түскен бұл естерткіштегі таңбалар туралы мәліметтер аз сақталған. Л.Н.Кузнецов белгілеп қалдырған таңбалардың көпшілігі қазіргі күндері сақталмаған.

Таңбалы жардың қазақ тарихындағы орнының маңызын Ә.Марғұлан мен Қ.Сәтпаев айттып кеткен болатын. Қ.И.Сәтпаев Таңбалы жарда болып, естерткіштің ерекшелігін анықтап берді. Таңбалы жарда ру-тайпалар таңбалары басылған, бір-біріне жақын орналасқан бірнеше естерткішті байқауға болады. Осыны ескеріп, бұл естерткішті кешен деп атай отырып, негізінен Таңбалы жар – 1, Таңбалы жар – 2 деп атауға болады. Себебі оны Қаныш Сәтпаев та Таңбалы жар №1 және №2 деп белгілеп, №1 Тамғалы тастың уақыты ертерек болуы мүмкін деп топшылайды [1, 83-84-бб.]. Таңбалы жардың маңызы туралы Ә.Марғұлан мен Қ.Сәтпаев еңбектеріндегі тұжырымдарды жан-жақты қарастыру қажет.

Қазіргі күндері Таңбалы жардағы жазуларда Л.Кузнецовтың қағаз бетіне түсірген араб әріптерімен жазылған мәтіні мен суреттегі таңбалардың көпшілігі сақталмаған. Бұл суретте көне оғыз тайпаларында да кездеспейтін кейбір таңбалар берілген [2, 12-13-бб.].



№1


№2

Өкінішке орай бұл таңбалар бүлінуіне байланысты Таңбалы жар естерткішінде бұрынғы түсірілген таңбалардың көпшілігі кездеспейді. Босаға таңбаға ұқсас, алайда үстіңгі жағындағы сызығы сәл шығыңғы таңба (№2 суретте) Л.Кузнецов түсірген суретте және Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағында» кездеседі. Рашид-ад-диннің дерегі бойынша, бұл Ай ханның төртінші ұлы Япарлының таңбасы болған [3, 88-б.]. Сонымен қатар Рашид-ад-дин еңбегінде Көк ханның үшінші ұлы Жәуілдүрдың таңбасы (3-суретте) Таңбалы жарда айқын сақталған. Сонымен қатар Ә.Марғұлан бұл таңбаны қайы елінің жай таңбасы ретінде көрсетеді [4, 132-б.].

Л.Кузнецов дерегінде бұл таңба араб жазуымен жазылған мәтін астында берілген. Л.Кузнецов түсірген суреттегі оқ таңбасының қосарланып, айқасып түсірілген бейнесі Таңбалы жарда кездеседі. Егер бұл таңбаны оқ таңба емес, жеке таңба ретінде қарасақ, онда Ақселеу Сейдімбектің осы таңба туралы мәліметіне сүйенуге тура келеді. Аталған таңба жөнінде Ақселеу Сейдімбек көне таңбалардың бірі ретінде крест таңбасына ұқсас, бірақ екі жақ ұшында бағыттауыш (2-сурет) бейнеленген таңбаны жебе таңба деп атап, кіші жүздің Алшын руының таңбасы ретінде көрсетеді [5,688-б.]. Рашид-ад-диннің еңбегіндегі Көк ханның төртінші ұлы Чибнидің таңбасы Л.Н.Кузнецов түсірген суретте берілген таңба Таңбалы жар I, II де кездеседі. №4-суретте бұл таңба бақан таңбасының астында берілген.



№3



№ 4

Оғыз таңбалары туралы деректі Рашид-ад-дин мен М.Қашқари жазып қалдырған. М.Қашқари оғыздардың жиырма тайпасының таңбасын көрсетеді.

1-кесте М.Қашқаридың «Түрік тілдерінің сөздігі» еңбегіндегі оғыз таңбалары:

	Киник		Сал-гур		Бай-ат		Алка булук		Ула йун дл уг
	Кайиг		Аф-шар		Йаз-гир		Ик-дир		Бажан ак
	Байун-дур		Бак-тили		Ай-мур		Ура-кир		Жува-лдар
	Ива		Бук-дуз		Нара булук		Тутир на		Жабий

Көне таңбалар қатарында оғыз дәуірі кезеңінен келе жатқан таңбалар да кездеседі. Соның бірі оғыздардың қайы тайпасының таңбасы Таңбалы жар ескерткішінде қашалған (№6-сурет). Осы таңбаны Рашид ад-дин қайы руының таңбасы деп көрсетеді [Бұл да сонда. 88-б.]. Рашид аддин мен М.Қашқари өз еңбегінде бұл оғыз тайпасының атауын кайиг деп

атап, ол тайпа таңбасын осылай белгілеген [6,93-б.].



№5



№6

Осы таңбаның тағы бір түрі Рашид-ад-динде Жұлдыз ханның төртінші ұлы Қарқынның таңбасы ретінде VI таңбасы беріледі. Бақан таңбаның шығу уақыты туралы С.А.Яценко мен Т.С.Досанов: «В целом тамга в виде буквы «У» весьма широко встречается в петроглифах тюрко-монгольских народов, в том числе и в сценах датированных эпохой раннего средневековья. Вероятно, на территории Минусинской котловины (Мыңсу ойпаты – ред.) У образная тамга также использовалось в эпоху раннего средневековья», – дей келе, таңбаның шығу уақытын ерте орта ғасырлар уақытымен байланыстырады [7,134-б.]. Бақан таңбасының Орта Азия, Қазақстан даласында одан да ертерек уақытта

пайда болғандығына даладағы сақталған тастағы таңбалар уақытын анықтай отырып көз жеткізуге болады. Таңбалар туралы зерттеулерде У бақан таңбасы мен V – мүйіз таңбаны шатастыру жиі кездеседі. Бұл таңбалардың арасында айырмашылықтары бары айқын. Т.Омарбеков Сыр бойын билеген қаңлы тайпалары билікке келгендер атымен «Оғыз» атанып кетті дей келе, Рашид-ад-динде бірінші болып, Қашқариде 22 тайпа арасында екінші болып аталатын Қайы (қайығ) тайпаларының кейінгі қазақ Қаңлыларында сақталып қалуы сондықтан деп жазады [8,28-б.].

№5 суреттегі «балық таңба» туралы Ө.Марғұлан А.И.Шренктің Сібір жеріндегі қия тастағы таңбалар арасынан Орхон жазуына ұқсас алфавиттен бір-

нешеуін түсіріп алған дей келе соларды көрсетеді [Бұл да сонда. 132-б.]. Берілген алты таңбаның ішінде осы таңба көрсетілген. Бұл таңба расында да Орхон жазуында кездеседі.

Қаз табан таңбасы туралы Өлкей Марғұлан: «Бетпақдалада салор қазан таңбасы», – дей келе екі таңбаның бірін осылай көрсеткен [Бұл да сонда. 28-б.].



№7



№8



№9

Алайда М.Қашқари еңбегінде Салгур, Рашид-ад-динде Салор атанған тайпа таңбасы Ө.Марғұлан көрсеткен таңбаға толық сәйкес келмейді. Дәл осы таңба «Арқар» деп аталып, төре таңбасы ретінде көрсетіледі. Осман Акчокраклы Қырым татарлары жерінен тапқан құлпытастардан осы таңбаға ұқсас таңбаны түсірген (№9-сурет). Қазақ хандығы тұсында бұл таңбаны төрелер өз таңбалары ретінде таңбалайды.

Таңбалы жар-1-де №7-суреттегі Ж әріпіне ұқсас таңба кездесті. Бұл жерде үш таңба қатар берілуі мүмкін. Екі қарама-қарсы орналасқан төре таңбасы және крест таңбалары болуы мүмкін. Егер бұл таңба-

ны жеке таңба ретінде қабылдасақ, онда Ю.Зуевтің зерттеуіндегі таңбамен байланыстыруға болады. Қытай деректеріндегі көне түркі жылқыларында кездесетін таңбалар туралы деректерді зерттеген Ю.А.Зуев осы таңбаға ұқсас таңбаларды этнографалым О.Акчораклының Қырым жеріндегі Абулзар елді мекенінде тапқандығын және Мөңке ханның манаттарында (монета) осы таңбаның кездесетінін кесте бойынша көрсеткен [9, 139-б.].

Таңбалы жарда кездесетін көне таңбалар сол қалпында немесе өзгерген күйінде кейіннен Еуразия далаларында мекен еткен түркі халықтарының таңбаларына айналды. Еуразия аумағында таралған таңбаларды жинастырып, жан-жақты зерттеу арқылы қазақ халқымен қатар түрік халықтарының этникалық тарихын зерттеуде мол дерек қорына қол жеткізуге болады.

РЕЗЮМЕ

В статье «Древние таңбы в Таңбалы жаре» описываются особенности древних огузских таңбов на памятнике «Таңбалы жар» который занимает особое место в истории казахского народа. «Таңбалы жар» является важным памятником истории образования Казахского ханства и истории древних родов-племен, населявших казахскую степь. В статье рассматривается связь древних таңбов с современными казахскими таңбами.

Ключевые слова: Огуз, таңба, ру, племя, Таңбалы жар.

In the article titled “The ancient symbols in the Tanbaly zhar” describes the peculiarity of the ancient Oghuz symbols in the Tanbaly zhar. “Tanbaly zhar” is not only a witness of the history of the Kazakh khanate, but also an important fact in the history of the ancient tribes inhabited by the Kazakh steppes. The article deals with the connection of ancient characters with modern Kazakh characters.

Key words: oghuz, symbol/ tamga, ru, tribe, Tanbaly zhar.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сатпаев К.И. Доисторические памятники в Джезказганском районе Астана: «Алтын кітап» 2017. – 83-84-бб.
2. Кузнецов Л. О надписи на камне «Тамгалы тас» в пустыне Бетпак дала в Атбасарском уезде Акмолинской губернии // Записки Семипалатинского отдела Государственного русского географического общества выпуск. XVI Семипалатинск. 1927. – с. 123.
3. Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т 1. Книга 1. Москва-Ленинград., 1952. – с. 88.
4. Ө.Х.Марғұлан. «Тамгалы тас» жазуы // Жұлдыз №1 январь 1984 – 132-б.
5. Ақселеу Сейдімбек. Қазақтың ауызша тарихы. Астана: Фолиант 2008. – 68- б.
6. М.Қашғари. Диван Лугат ат-Турк Алматы: «Дайк-пресс». 2005. – 93-б.
7. С.А.Яценко. Т.С.Досанов. Тайна руники // Қазақстан және Орта Азия халықтарының материалдық емес мәдени мұраларын зерттеу мәселелері: топонимика, эпиграфика, өнер атты халықаралық конференция материалдары. Астана. 2014 – 243-б.
8. Т.Омарбеков. Ежелгі Ақыртастағы таңба нені аңғартады? // т.ғ.д. профессор Қ.Т.Жұмағұловтың 70 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция жинағы.
9. Зуев Ю.А. «Конная тамга из Вассальных княжеств» (Перевод китайской композиции «Танхуяо» 8-10 вв.), Академия наук Казахской ССР, Алма-Ата, 1960 г., – стр. 93 -139.

АҢШЫЛЫҚТЫҢ СОҒЫС ӨНЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

(Тарихнамалық талдау)

Гүлнұр НҰРЛАНОВА,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, магистр
Динара ҚАРАТАЕВА,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Орта Азия көшпелі халықтарының дәстүрлі әскери өнерін қалыптастыруда ең алдымен ұжымдық аң аулаудың функциясы мен әдісіне көңіл бөлу қажет. Өйткені аң аулау көшпелілердің тұрмысы мен шаруашылығына ғана емес, сонымен қатар, әскери құрылысына да әсерін тигізді.

Соғыс және соғыс ісі ұланғайыр Еуразия территориясында өмір сүрген ежелгі және ортағасырлық көшпелілердің өмірінде үлкен маңызға ие болған. Көшпелі халықтар ерекше әскери жүйені қалыптастырып, соның негізінде ғасырлар бойы өзінің қарсыластарынан әскери салада ылғи да басым түсіп отырған. Көшпелі өмірді өзіндік «әскерилендіру» ортағасырлық көшпелілердің материалдық және рухани мәдениетіне де ықпалын тигізді.

Көшпелілердің әскери тарихының көп аспектілі мәселелері республикадан тыс жерлерде жан-жақты зерттелуде. Қазақстан көшпелілерінің соғыс ісі жайлы жекелеген еңбектер тәуелсіздік алған соң ғана шыға бастады. Дегенмен, Қазақстан тарихнамасындағы әскери-тарихи бағыт әлі де болса жүйелі зерттеуді талап етеді.

Зерттеушілердің пайымдауынша *«Қазақстан Республикасындағы тарихи сананың қалыптасу концепциясы және оның негізгі мақсаты – көшпелілердің дүниежүзілік өркениетке тигізген пайдасы, Қазақстан тарихындағы номадизмнің орны мен рөлі және сонымен қатар әскери мәдениеттің зерттелуі болып табылады»*.

Көшпелілердің әскери-ұйымдасқан моделі үлкен тарихи кезеңде өмір сүрген ірі-ірі көшпелі тайпалардың қоғамдық-саяси құрылымына негіз болды. Көшпелі қоғамның эволюциясында әскери қоғамның орны ең біріншіден номадизмнің жалпы тарихында ғылыми зерттемелік тұрғыдан қаралады. Көшпелілердің соғыс ісінің қалыптасуын зерттеу қазіргі концепцияны тереңдетіп және сол кездегі өркениеттің құрылымын түсінуге, көз алдымызға елестетуге көмектеседі.

Көшпелілер тарихын зерттеуде ең басты бағыт – әскери-тарихи тақырып. XIX ғасырдың өзінде-ақ моңғолдардың әскери өнеріне қатысты еңбектер шықты. Солардың ішінде көшпелілердің әскери тарихы туралы зерттеулерге негіз болған генерал-лейтенант М.И.Иваниннің жазып қалдырған очеркін атап өту қажет. Сол кездегі барлық зерттеулер секілді, оның да еңбегінің әлсіздігі деректердің аздығында болып табылады. Зерттеушілердің пайымдауынша, **неолиттік революция** кезеңіне дейін қазақ даласында аңшылық пен терімшіліктің мәдени шаруашылық типі басым болған. Қазақстан және онымен шекаралас аймақтарда аңшылық үлкен рөл атқарды. Бұны тұрақтардан табылған аң сүйектерінің 90% тұяқтылардікі бо-

луы дәлелдейді.

Ерекше назар аудартатын еңбектің бірі – Е.Хара-Даванның «Чингисхан как полководец и его наследие» атты кітабы. Еңбектің ерекшелігі моңғолдардың XIII-XIV ғасырлардағы әскери жүйесіне толық сипаттама беріліп, жан-жақты зерттеу жүргізілген. Аң аулаудың номадтардың әскери құрылымында орны өте маңызды екендігі көрсетілген.

Б.Я.Владимирцов моңғол тайпаларының қоғамдық құрылысын зерттеуде, өзінің көңілін көшпелілердегі аңшылықтың әскери және әлеуметтік-саяси өміріне тигізген әсерін қарастыруға аударады.

Зерттеуші Н.Ә.Масановтың пікірінше: *«тайпалар жабайы аңдардың соңынан көшіп аулағанның есебінен көшпелі мал шаруашылығы қалыптасты»*. Ежелгі және ортағасырлардағы деректерде Орта Азияның көшпелі халықтарының аңды қаумалай аулауы жайлы мәліметтер жиі кездеседі. Мысалы, Н.Я.Бичуриннің еңбектерінен: *«хуннулар әдеттегідей малдарының соңынан көшіп жүрген және сонымен қатар аң аулап, өздеріне азық ретінде пайдаланған ... олар (хуннулар) бірнеше мың аттылар болып жиналып аң аулаған»*,– деген мәліметті кездестіруге болады. Гильом де Рубрук жазып қалдырған мәліметтерде: *«Олар аңға шығар алдында, бір жерге көптеп жиналып, өздері жақсы білетін және аңдары көп жерді қоршайды да бір-біріне аздап жақындай бастайды»*,– делінеді [1]. Ал Моңғол империясында аңдарды қаумалай аулау мемлекеттік құрылыстың маңызды бір бөлігі болып табылады.

Құбылай хан билік құрған тұста ханның аңшылығын ұйымдастыру үшін арнайы екі басшы-құншылар сайланады. Әр құншының қоластында он мың адамнан болған, біріншілері қызыл түсті киім кисе, екіншілері көк түсті киім киген. Ұлы хан аңға шыққанда қызыл түстілері бір жағында жүрсе, көк түстілері қарсы жағына орналасады. Осылай аңдарды қыспаққа алып аулайды. Аңшылардың түрлі-түсті киім киюінің себебі тізілген сапты бұзбай екі жақтан бірдей қоршау болып табылады. Мұндай аң аулау әдістері соғыс жүргізу барысында жиі қолданылған.

Аңды қаумалай аулау дәстүрі Қытай мен Моңғолияда XIX ғасырға дейін сақталған. **Аңшылық пен соғыс жүргізу тактикаларының бір-біріне ұқсас екі элементі бар:**

- *екеуіне де адамдардың үлкен контингенті қатысады;*

- *белгілі бір территорияны қоршайды [2].*

Б.Я.Владимирцовтың көрсетуінше, ортағасырлық моңғолдарда ханды тек соғыс жүргізу мен аңды қаумалай аулау үшін ғана сайлаған, ал билік болса

оның (ханның) шыққан руының күші мен байлығына байланысты болған. Аңды қаумалап аулау құрылымының жүйесінде қатысушылардың орны мен атқаратын ісі олардың руының, тайпасының немесе сол адамның қоғамдағы әлеуметтік статусы мен орнына байланысты болған. Қаумалап аулау құрылымының маңызды орындары болып орталығында орналасу, қанаттарының соңындағы және тұтқиылдағы аңшылардың орналасқан жерлері саналды. Аңшылықтың бұл түріне тек жылқысы бар адамдар ғана қатыса алды. Мінер жылқысы жоқ кедей-кепшіктер аңшылыққа қатыса алмай, көмекші ретінде жүрді (олжаны тасымалдау және т.с.с). Әрине, көшпелі малшылардың мәдени-шаруашылық типі аңшылықтың әсерімен қарулы күштер құрылымында алдыңғы орынға атты аңшы мен ат мінген жауынгердің шығуына себеп болды.

Аңды қаумалай аулау түріне жасы сай келетін ер адамдар құқылы болды. Көшпелілерде 12-14 жастан толық құқылы аңшы болып саналады, дәл осы жастан бастап жасөспірімдер әскери міндеттерін атқара бастайды. Аңшылар мінетін жылқыларды күтіп-баптауға ерекше көңіл бөлінген және оларды дайындаудың өзіндік әдістері болған. Ірі аңшылықтарға әр адам 2-3 жылқыдан алған [3].

Аңшылыққа қатаң тәртіп сақталған. Тарихи деректерде XVIII ғасырда моңғол құқығының ерекшелігінде аңды қаумалай аулаудағы заңбұзушылық жайлы бірнеше тармақтар бар. Мысалы, аңшылық кезінде абайсызда адам өлтіріп алса, адам құнының жартысын ғана төлеген. Ал егер қаумалай аулау кезінде тізілген сап бұзылса, кінәлі айыппұлға бес жылқы төлеген. Шыңғыс ханның «Ясса» заңдар жинағы бойынша «аңдарды жіберіп алған аңшыны таяқпен ұру арқылы жазалаған, кей жағдайларда өлім жазасына кескен». Мұндай қатал тәртіп аңшылық кезіндегі заңбұзушылықты болдырмауға негіз болған.

Орта Азия көшпелілерінің аңды қаумалай аулау әдістерімен басқа халықтардың аңшылық дәстүрлерін салыстырсақ, ұқсастықтарын байқауға болады. Мысалы, үндістердің (Солтүстік Америка) жазды күні бизондарды аулауы өте ұқсас. Үндістердің аңшылығының құрылымы көшпелілердің аңшылығымен туыстас: екі қанатты басқаратын арнайы жетекшілер «акациттер» деп аталды, сондай-ақ тәртіп сақшылары, бизон тобының ізкесушілері және тағы сол сияқты арнайы құрылымдар болды. Үндістердің қаумалай аулау тәсілінде Орта Азия көшпелілерінікі секілді қатаң тәртіп сақталған. Қазіргі кездегі зерттеушілердің көрсетуі бойынша аңды қаумалай аулау принципі өзгеріссіз қалған.

Көшпелілердің әскери ұйымдасу жүйесінде міндетті түрде ондықтарға бөліну болды (10, 100, 1000, 10 000). Мұндай әскери-иерархиялық принцип көптеген көшпелі халықтарға тән болды: ғұн, жужан, ежелгі түріктер, ұйғыр, Енесай қырғыздары, қидан, моңғол, XVI ғасырдағы өзбектер, жоңғар, қырғыз және қазақтар.

Көшпелілердің әскери тарихына арналған XIX ғ. мен XX ғ. басындағы ғылыми әдебиетте моңғолдардың әскери өнері тақырыбы басты орында болды, себебі сол уақытқа дейінгі көшпелілердің ұлы жеңістері Шыңғыс хан мен оның ізбасарларының со-

ғыс өнері мен жеке бас қасиеттеріне жатқызылды [4].

XX ғ. 40-50-жылдарындағы «әскери көшпелі тарихнама» С.Н.Абрамзонның және А.А.Росляковтың бірнеше мақалаларымен толықтырылды. Алғашқысы қырғыз халқының әскери тарихын қарастыруда негізгі дерек көзі ретінде тарихи-этнографиялық материалдар мен «Манас» эпосын алған, сол арқылы қырғыздардың әскери ісіне міндеме берді. А.А.Росляковтың еңбектерінде зерттеу объектісі Орта Азия халықтарының (негізінен түркімендер) соғыс ісінің әр түрлі қырлары болды. Ол әскердің құрылымы, құрамы, қару-жарағы, әскери тактика, қорғаныс және тағы да басқа аспектілерді қарастырды. Азия көшпелілерінің әскери жүйесінің алдыңғы қатарлы жақтарын ашып көрсетті. Деректердің жеткіліксіздігі Қазақстанның әскери тарихын жарыққа шығаруға кедергі болды, сонымен қатар көшпелі әлемнің әскери эволюциясын (дамуын) салыстыруға, теңестіруге де мүмкіндік болмады. Осы жылдары В.Н.Кунның «Черты военной организации средневековых кочевых народов Средней Азии» атты еңбегі жарыққа шықты. Онда әскерилендірілген аңды қоршап аулау тәсілдері қарастырылып және алғаш рет көшпелілердің аңшылық пен соғыс ісінің өзара байланысының ұқсастығы көрсетілді. Біздің ойымызша көшпелілердің соғыс ісіне табиғи жағдайлардың әсер еткенін ашып көрсеткен және осы саладағы проблемаларды зерттеуге бағыт-бағдар берген алғашқы мамандардың бірі В.Н.Кун болып табылады.

XX ғ. 60-90-жылдары КСРО-да ежелгі және ортағасырлық кезеңдегі әскери өнер жайлы көптеген жұмыстар шықты. Олардың үлкен бөлігі сақ-сармат көшпелі мәдениетіне арналған. Бұл зерттеулер 70-80-жылдары ірі монографиялармен, жинақтармен және мақалалармен толықтырылды. Олардың көбінде негізгі объект ретінде көшпелілердің қару-жарағы алынып, оған талдау жасалған.

Қазіргі қарутану жайлы еңбектердің ішінен фактілік материалға өте бай Ю.С.Худяковтің монографиясын бөліп көрсету қажет. Оңтүстік Сібір мен Орта Азияның ежелгі дәуірдегі және ортағасырлық кезеңдегі көшпелілердің қарулануын зерттей отырып, ол қидандар мен моңғолдардың аңды қоршап алып аулау тәсілдеріне ерекше көңіл бөлген. Зерттеушілердің көбі, көшпелілердің соғыс ісін қарастыру кезінде олардың ерекше әскери жүйе мен тактикаларының шығу тарихына көп назар аудармайды. Ал соңғы 40-жылдары шыққан еңбектерден біздің байқайтынымыз, соғыс ісінің генезисін қарастыруда негізгі назар жаңа қарудың шығуы, оның даму эволюциясы мен әскерді комплекстік қарулаңдыру ісін зерттеуге қойылған.

Шетелдік әдебиеттерде (әсіресе, ағылшын тіліндегі) соғыс өнерінің дамуының тарихы жете зерттелмеген, бұл мәселе онда тек жалпы тарихтың бір бөлігі ретінде ғана қарастырылған. Солардың ішінде батыстық зерттеушілерден К.Д.Оссен, Х.Ховард, Е.Паркер, Ф.Скрайн, Е.Россо, Дж. Скотлон, А.Хазановты атап өтуге болады.

Қазақстан тарихнамасында қазақтардың әскери тарихы жайлы бірінші әрі жалпылама еңбек ретінде А.Рязановтың «Советская Киргизия» атты журналда жарияланған мақаласын айтуға болады.

XX ғ. 60-жылдарының аяғында Г.И. Семенюктің толығымен орыс деректеріне негізделген қазақтардың XVIII -XIX ғғ. әскери ісі туралы мақаласы жарыққа шықты. Мақалада Ресей империясының құрамына кірген қазақтардың қару-жарағы және соғыс тактикасы жайлы зерттеулер жүргізілген. Бірақ келтірілген деректерде қаруланудың деңгейі мен қазақтардың соғыс құрылымының механизмі толық ашылмаған. 70-жылдардың басында К.Сымағұлованың көлемі жағынан кішігірім «Оружие казахов XVI - XIX вв.» атты хабарламасы ҚазҰУ студенттерінің ғылыми жұмыстары жинақтамасында жарық көрді. Ол қазақтардың соғыс қаруын үш топқа топтастырды: суық қару, сермеп лақтыру және отты қару. Соның ішінде сол уақытта басым қару түрі суық қару болды деп көрсетеді.

Қазақтардың қару-жарағына қатысты проблемалар А.Т.Қайдаров пен В.П.Курылевтың мақалаларынан талдау тапты. Қазақ деректерін қарастыра отырып, А.Т.Қайдаров жауынгердің жеке бас қару-жарақтарының көптеген түрлерінің (типтерінің) атауларын табуға мүмкіндік берді. Санкт-Петербургтегі Ұлы Петр атындағы антропология және этнография мұражайында сақталған В.П.Курылевтің еңбегі қазақтардың қарулану тәсілдеріне арналған. Ол алғашқылардың бірі болып қазақтардың әскери іс-қимылдар кезінде пайдаланатын суық қару түрлері-айбалталарына, шоқпарларына, садақ ұштарына, қылыштарына, мылтықтарына классификациялық күрделі талдау жасады, қарудың жасалу материалын көрсетіп, жекелей қарудың қолдану формасын жазды.

Шығыс деректерінің негізінде жазылған Т.И.Сұлтановтың «Казахстан: летопись трех тысячелетий» атты еңбегінде XV-XVII ғғ. қазақ әскерінің саны жайлы құнды материалдар келтіріледі. Қазақстанның кейінгі ортағасырлық әскери-саяси көрінісін толықтыратын сол кезеңдегі көшпелілердің әскери рәсімдеріне (әскери ту, байрақ, ұран) баса көңіл аударған. Дегенмен қазақтардың әскери өнері тарихында өзіндік тарихнамалық салт қапыптасқанымен, арнайы зерттеулер тек кейінгі жылдары ғана жүргізілуде.

Ондық жүйенің пайда болуы туралы әр түрлі пікірлер айтылды. Б.Я.Владимирцовтың пайым-

дауынша, бұл рулардың тайпа, ауыл болып бөлінуіне байланысты болды, яғни көлеміне байланысты әскерді он, жүз, мың сарбаздан бөліп отырды. Ғалымдардың басқа тобы бұл жүйенің пайда болуын рулар мен тайпалардың әскери негізде бірігуімен байланыстырады.

Осылайша, көшпелілердің ұйымдасқан әскери құрылымымен аңды қаумалай аулаудың келесі ұқсастықтарын бөліп көрсетуге болады:

- 1) көп адамның қатысуы;
- 2) үштік болып ұйымдасу (оң, сол қанат және орталық);
- 3) иерархиялық принцип бойынша бөліну;
- 4) басқарушының болуы.

Көшпелілік пен аңшылықтың дамуы дәстүрлі соғыс өнерінің қалыптасуына түрткі болды [5].

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривая проблему становления военного дела кочевых народов, в первую очередь делается акцент на функции проведения коллективной охоты. Далее рассматриваются закономерности влияния методов проведения коллективной охоты на военную тактику кочевников. Также дается историографический анализ по данной проблеме.

The problem of formation of the military affairs of the nomadic peoples, primarily focuses on the function of the collective hunting. The following sections discuss the methods of the influence of collective hunting nomad military tactics. It also provides a historiography analysis of this issue.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Кушқумбаев А.К. Военное дело казахов в 17-18 веках. Алматы, 2001 ж.
- 2.Худяков Ю.С. Военное дело кочевников Южной Сибири и Центральной Азии. Новосибирск, 1987.
- 3.Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлар, қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрі). Алматы, 1996.
- 4.Алланиязов Т.К. Очерки военного дела кочевников Казахстана. Алматы, 1997.
- 5.Кушқумбаев А.К. Военное дело казахов в 17-18 веках. Алматы, 2001.

ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ БІРЕГЕЙЛІГІ

Назгүл БАЙҒАБАТОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «*Біртұтас Ұлт болу жолындағы рухани жаңғырудың басты бағыттарының бірі – ұлттық бірегейлікті сақтау*», – деп көрсетті [1].

Шындығында да жаһандану процестері этникалық айырмашылықты жояды, сол сәтте күллі әлемнің барлық аймақтарында жергілікті этномәдени салт-

дәстүрлерді және этникалық ерекшеліктерді жоятын мәдени нормалар мен стандарттарды орнатуға қарсылық күшеюде. Бұл өз мәдениетінің ерекшелігін сақтап қалуға, өзінің этникалық бірегейлігін сезінуге құштарлық туғызады. Осыған орай, XX–XXI ғасырлар тоғысында қазіргі барлық қоғам этномәдени қайта өркендеуге, этномәдени жаңғыруға немесе «жаһанданудың этникалық парадоксына» ұмтылуда [2]. Сонымен қатар, этникалық сана-сезімнің күшеюі,

жалпыұлттық мемлекеттік-азаматтық бірегейліктің айтарлықтай қалыптасуына әсерін тигізеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан азаматтық бірегейлікке белсенді қадам басуда. Бірақ ғылыми қоғам үшін этникалық және ұлттық бірегейлік аз зерттелген мәселелердің бірі болып отыр. Бұл құбылыстың себебін Елбасы: *«Біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болдық»*, – деп көрсетеді [1]. Сол себептен қазақ қоғамының бүгінгі таңдағы даму кезеңінде жаңа гуманитарлық білімге, соның ішінде этнология немесе дәлірек айтсақ, әлеуметтік және мәдени антропология саласына зор талап қойылады. Шын мәнінде, ұлттық кодтың негізі болып табылатын этномәдени бірегейліктің ерекшелігін зерттеу қажеттілігі туындады. Айтарлықтай дамыған қоғамның тарихи тамыры тереңнен бастау алатын рухани коды болады.

Осы тұрғыдан қазақ диаспорасының этномәдени бірегейлігін жан-жақты зерттеу, ғылыми ізденістің маңызды да перспективті бағыты болып табылады. Алдын ала жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесіне сәйкес, **Моңғолияда және Қытайда тұратын қазақ диаспорасы, этникалық топ ретінде, өзінің этносын нығайтып, этникалық бірегейлігін сақтап қалуға қабілетті** деген тұжырымға келдік. Осыған байланысты, диаспоралардың көпқырлылығы мен ерекшелігін, олардың қалыптасуын және белгілі диаспоралық топ аясында этникалық бірегейліктің қызметін зерттеу бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі. Диаспоралардағы этномәдени бірегейліктің қалыптасу шарттарын және механизмін, оның сол құрылымдағы айырмашылығын, бастапқы элементтерін, тұрақтылығын алдын-ала анықтау қажеттілігі туындап отыр.

Осындай ғылыми-зерттеу жұмыстарының қажеттілігі Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті сақтаудың өзектілігін көрсетті. Елбасы бағдарламалық мақаласында: *«Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодты сақтай білу»*, – деп атап өтті [1]. Осы тұрғыдан, этносаралық қатынастардың мағынасын және әлеуметтік-экономикалық, тарихи-мәдени ерекшеліктерін есепке ала отырып, әр елде тұратын диаспоралық топтардың этномәдени бірегейліктерінің матрицаларын және сәйкестендіру критерийлерін сақтау тәсілдерін және жолдарын анықтау, жалпы әлеуметтік бірегейліктің болмысын, жаратылысын түсінуге мүмкіндік береді.

Демек, бұл мәселені осылайша қоюдың бірнеше себептері бар, ең әуелгісі бұл тақырыптың аз зерттелуі. Қазақстандық әдебиетте қазақ диаспорасының зерттелу мәселелері кеңінен жариялануда және бүгінгі күні ғылымның осы саласында эмпирикалық материалдар кең көлемде жинақталған [3]. Соңғы екі онжылдықтағы еңбектерді талдау нәтижесі Моңғолия мен Қытай қазақтарына әр түрлі ғылым салалары өкілдерінің, оның ішінде тарихшылардың, этнологтардың, әлеуметтанушылардың, саясаткерлердің, философтардың, филологтардың және т.б. көп назар аударып отырғандығын көрсетеді. Бұл, мәселенің кешенді сипатқа ие екендігін дәлелдей түседі. Бірақ, бастапқы ғылыми зерттеулердің тарихнамасына шолу жасасақ, онда түрлі зерттеулердің алуан түрлілігіне қарамастан, белгілі бір ай-

мақта, өзгештену ортада тұратын, жергілікті жеке қоғам ретінде **қазақ диаспорасының бірегейлігін кешенді түрде зерттеу үшін айтарлықтай арнайы әрекет жасалған емес.** Тек қарастырып отырған мәселенің жекелеген қырларын талдауға ұмтылыс орын алған.

Осы зерттеу жұмыстары негізінде салыстырмалы-салғастырмалы жолдарымен, жоғарыда көрсетілген диаспоралық топтардың, олардың тарихи-мәдени, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері және этносаралық қатынастары ескеріле отырып, этномәдени матрицалары мен сәйкестендіру критерийлері анықталуы және жаһандану, интеграция, ассимиляция сияқты сыртқы факторлардың әр диаспораның этникалық бірегейлігінің тұрақтылығына тигізетін әсері зерттелуі қажет.

Шетелдік тарихнамада да қазақ диаспорасын зерттеумен айналысатын ғалымдар аз емес [4]. Бірақ олардың ішінде де шет ел қазақтарының этникалық сәйкестігінің тұрақтылығы мен қалыптасуының, яғни өзіндік дамуының өзгешеліктері және тұрып жатқан елдің ерекшеліктері ескерілген нақты бір диаспора зерделенген зерттеулер жоқ.

Этномәдени бірегейлікті зерттеу мәселелерін қарастыру, этникалық феноменді түсінудің әр түрлі жолдарын ашып береді. «Отаршылдықтан кейінгі» әлеуметтік-саяси жағдай батыстық тәсілдің өзгешелігін де, батыстық теория шеңберінде бұл түсініктің мағыналық шекараларын да алдын ала айқындап берді. Бұл сонымен қатар, этникалық бірегейліктің «табиғатын» анықтауда екі негізгі әдісті пайдалану ерекшеліктеріне қарай көрініс табады: *примордиалистік* және *конструктивистік*. Этникалықтың тұрақсыздығы, оның айқын нақтылауға келмейтіндігі және эссенциализациялығы, оның перманентті жағдайы және т.б. пікірлер жиі айтылып жүр. Антрополог Р.Брубейкердың пікірінше *«этникалық бірегейлік жайлы пікірталастар көптік, тұрақты емес, кездейсоқ, дұрыстығын дәлелдеуге болмайтын, фрагменттелген, құрастырылған, келісілген және т.б. дегенге сілтейтін стандартты индикаторлар жиынтығымен толтырылған»* [5, 7-6.].

Диаспораларды зерттеу бүгінгі күні ғылыми білімнің ажыратылмайтын бөлігіне айналуда. Диаспораның мәселелерімен арнайы зерттеу институттары мен ғылыми орталықтар айналасуда, ұжымдасқан монографиялар мен жекелеген жұмыстар жазылды [6]. Бұл еңбектердің авторлары шешуге тырысқан негізгі сұрақтар – диаспораның сипатты белгілері, қазіргі қоғамдағы, мемлекеттегі, халықаралық саясаттағы диаспораның рөлі.

Ғылымда қалыптасқан дискурсқа сәйкес диаспораның этникалық бірегейлігі күрделі және бір мағыналы феномен емес [7]. **Бір жағынан, диаспоралар – «этникалық материктен бөлініп кеткен, бірақ негізгі сипаттарын өзінің бойына жинаған бір бөлігі» және «ұлттық ошақта» тұратындар белгілі бір себептерге байланысты жоғалтатын жалпыұлттық сипаттарды иеленген эталон»** деп айтылады. Екінші жағынан, белгілі бір себептерге байланысты **ұзақ уақыт өзінің «тарихи отанынан» тыс өмір сүріп жатқан қоғамның бір бөлігі жаңа қоршаған ортаға бейімделу барысында өзінің этномәдени өзгешелігін жоғалтады деген пікір кең таралған.** *«Өзінің этникалық территориясынан тыс өмір сүріп жатқан адамдар әдетте ассимиля-*

цияға ұшырап, ерте ме кеш пе сол территорияда басым болып табылатын этникалық қауымдастық ортасына сіңіп кетеді: уақыт өте келе өзінің ана тілін, мәдениетін, кейіннен этникалық сезімін де жоғалтады», – дейді кейбір зерттеушілер [8].

Зерттеу нәтижелері Қазақстан ғалымдарының да, сондай-ақ халықаралық ғылыми қауымдастық өкілдерінің де қызығушылығын тудырады деген ойдымыз, себебі **диаспораның сәйкестігі мен өзін-өзі сәйкестендіру мәселелері бойынша** жаңа материалдар ғылыми айналымға енгізіледі, бұл өз кезегінде «Рухани жаңғыру» Бағдарламасын жүзеге асыру жағдайында да өзекті болып келеді.

Сол себептен, диаспораның және оның этномәдени бірегейлігінің жеткіліксіз зерттелуі, іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізуді, жаңа білім іздеуді және қосымша эмпирикалық мәліметтерді тартуды талап етеді.

Сондай-ақ бүгінгі таңда репатрианттардың қазақ қоғамына интеграциялануымен байланысты қиындықтар да аз емес. Этномәдени бірегейліктің қалыптасу және ұдайы толықтырылу процестері мен механизмдерін зерттеу өте маңызды, себебі, этникалық бірегейлікті қалыптастыратын диаспора мен репатриация арасында репатрианттардың қайта оралуға дайындығы мен өмір сүрудің жаңа жағдайларына бейімделу деңгейіне, сондай-ақ олардың өздерінің этномәдени бірегейлігі мен өзін-өзі сәйкестендіру дәрежесі негізінде анықталатын байланыс бар. Репатриацияның халықаралық қоныс аударудың басқа түрлерінен айырмашылығы: алдыңғысы – тарихи отанға оралу. Осыған орай, репатрианттың өзге мигранттарға қарағанда оралғалы отырған тарихи отанымен этникалық бірегейлігі болуы тиіс. Бұнымен, репатрианттың миграциялық іс-әрекетін, соның ішінде репатриациялану себептерін және қабылдаушы қоғамда сәтті бейімделу дәрежесін түсіндіруді этикалық әдептілік те алдын-ала ескеріледі.

Зерттеу нәтижелері «этникалық бірегейлік» және «диаспора» феномендерін зерттеуге зор үлесін қосып, олардың табиғатын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазақ диаспорасына қатысты мәліметтер базасын айтарлықтай толықтырады; ғылыми айналымға алғашқы рет қазақ диаспорасы бірегейлігіне қатысты жаңа этнографиялық дала зерттеулерінің материалдары енгізіледі; тұрып жатқан еліне сәйкес белгілі бір диаспора шеңберінде этномәдени бірегейліктің қалыптасуы мен қызметінің ерекшелігі анықталады; диаспораның этникалық сәйкестігінің өзектілігі шарттары анықталады; диаспора шеңберінде пайда болған этникалық бірегейліктің құрылымы анықталады, оның басым этномәдени элементтері белгіленеді.

Қорыта келе, **жаһандану жағдайында және рухани жаңғыру үдерісі аясында этномәдени бірегейліктің қалыптасуы және нығаю шарттары мен механизмдері туралы жинақталған жаңа гуманитарлық білім, ұлттық мәдениеттің және ұлттық болмыстың өзегін сақтау жолдарының қалыптасуына жағдай жасайды.** Қазіргі кезеңде қазақстандық қоғамның бірігуінің негізгі факторларының бірі – ұлттық интеграция. Ол Қазақстан азаматтарының ортақ бірегейлігінің қалыптасуына және оның тұрғындарының тағдыры ортақ сезімдерімен бөлісуіне бағытталған. Бүгінгі таңда мемлекетіміз, барлық топ тұрғындарының ықыласын, мүд-

десін ескеретін интеграциялық моделін айқындау жолында, сондықтан да мемлекет азаматтарын біріктіре алатын бірегейлікті іздеу тек саясаткерлер үшін өзекті болып қана қоймай, сонымен қатар ғылым үшін де маңызды міндет болып табылады. Зерттеу нәтижелері еліміздің тұрғындарының азаматтық және этникалық бірегейлігін қалыптастыруда мемлекеттік саясатты тиімді жүргізуге айтарлықтай үлесін қосады деп есептейміз.

Сондықтан да әлеуметтік бірегейлік тәжірибесі мен теориясы шеңберінде жаңа гуманитарлық білім қалыптастыруға жағдай туғызатын, **өзге этникалық орта және жаһандану жағдайындағы өзінің этномәдени бірегейлігін сақтап отырған қазақ диаспорасын әлі де зерттей түсу қажет.**

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается необходимость исследования этнокультурной идентичности казахской диаспоры в условиях модернизации общественного сознания.

The article discusses the need to study the ethnocultural identity of the Kazakh diaspora in the context of the modernization of public consciousness.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.А. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. Бек У. Что такое глобализация? – М.: Прогресс, 2001. – 304 с.
3. Казахская диаспора: настоящее и будущее. Алматы: 2005. – 265 с.; Евразийская интеграция и казахская диаспора. – Алматы, 2007. – 216 с.; **Мендикулова Г.М.** Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. – Алматы: Ғылым, 1997. – 264 с.; **Қинаятұлы З.** Моңғолиядағы қазақтар. – Алматы: ДҚК, 2007. – 256 с.; **Мұқаметханұлы Н.** Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860 – 1920). – Алматы, 2000, т.б.
4. **Finke P.** Nomaden im Transformationsprozess. Kassen in der post-sozialistischen Mongolei. Münster: Lit-Verlag. 2004. – 364 p.; **Werner C., Barcus H.** The Kazakhs of Western Mongolia: Transnational Migration from 1990-2008 // Asian Ethnicity. – 2010. – 11(2). – 209-228 pp. **Diener A.** One Homeland or Two? The nationalization and Transnationalization of Mongolia's Kazakhs. – Berkeley, 2009. – 408 pp.; **Gerny A.** Going where the grass is greener: China Kazaks and the Oralman immigration policy in Kazakhstan // Pastoralism. – 2010. – Vol#1. – 218-247 pp.
5. **Brubaker R., Feischmidt M., Fox J., Grancea L.** Nationalist Politics and Everyday Ethnicity in a Transylvanian Town. – Princeton and Oxford: Princeton University Press, 2006. – 504 pp.
6. Migration, Diaspora and Information Technology in Global Societies. – NY: Routledge, 2013. – 290 pp.; **Шеффер Г.** Диаспоры в мировой политике // Диаспоры. – 2003. – № 1. – С. 162-164; **Сэфрэн У.** Сравнительный анализ диаспор // Диаспоры. – 2004. – №4. – С. 138-162.
7. **Попков В.Д.** Феномен этнических диаспор. – М.: ИС РАН, 2003. – 340 с. и др.
8. **Семенов Ю.** Этнос, нация, диаспора // Этнографическое обозрение. – 2000. – № 2. – С. 64–74.

ӨОЖ 37.011(574)

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тұякбай РЫСБЕКОВ,
тарих ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры,
Баян ШЫНТЕМІРОВА (Шинтимирова),
тарих ғылымдарының докторы, Батыс Қазақстан
инновациялық-технологиялық университетінің профессоры

Соңғы кезде баспа бетінде, әлеуметтік желілерде жастар әр түрлі тарихи фактілерге талдау жасап, тарихымызға деген қызығушылығы арта түскені байқалады. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты жаңа мақаласы осы көңіл күйді деп басқандай. Өткен тарихымызды саралай отырып, ұлттық рухты көтеру, ата-бабаларымыздың өмірлік әдет-ғұрыптары мен қоғамдық-экономикалық құрылысының бастауына оралу қажеттіліктері пайда болады.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев аталған еңбегінде: «Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер ұланғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашты», – деп, ортағасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр әл-Фарабиді дүниеге әкелгенін ерекше атап көрсетеді [1].

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат Турки (870-950) Отырар жазирасында (қазіргі Оңтүстік Қазақстан аумағында) дүниеге келген. Алғашқы білімін Отырар медреселерінің бірінен алған. Әл-Фараби білім алу мақсатында Орта Азиядағы Шаш, Самарқанд, Бұхарада аз уақыт оқып, Иранның Исфахан, Хамадан, Рей (Тегеран) шаһарларында болып, Бағдатқа ат басын тірейді. Бұл кезде әл-Фараби 50 жасқа келген кезі еді. Осы кезден оның өмірінің толық кәметке жетіп, айналасындағыларға ықпал еткен екінші кезеңі басталады. Бұл қалада білім алуға және ғылыми-танымдық қызметке белсене араласып, өмірінің 20 жылын өткізеді.

Әл-Фараби дүниелік рахат көздеп, мақсат қуамаған. Кішіпейіл, қанағатшыл, қарапайым киініп, ұлғайған шағында оқшаулық өмір кешкен. Ол интеллектуалды еркіндік пен ақиқатқа құштарлық арманымен қарапайым ғұмыр кешкен. Той-думан, ырду-дырдудан бойын барынша аулақ ұстаған. Күндіз бұлақ жағасында немесе бақтың саясында отырып, жұмыстарын жазатын [2.14]. Бойы ортадан төмен, түркі киім киген.

Тарихта Аристотельден кейінгі екінші Ұстаз деген жоғарғы атаққа ие болған әл-Фараби түрлі ғылымдар қосындысын мынандай топтарға бөлген: тіл туралы білім және оның бөлімдері; логика және оның бөлімдері; математикалық ғылымдар; физика мен метафизика және оның бөлімдері; құқық және дін [3.167]. Ол – өзінің энциклопедиялық білімінің арқасында саяси, философиялық, әлеуметтік, этикалық, эстетикалық мәселелермен қатар,

жаратылыстану мен математика саласындағы көптеген ауқымды ғылыми мәселелердің түйінін шешкен ғұлама ғалым.

Әл-Фараби ғылыми білімдер жүйесінің қорытынды бөлігінде азаматтық ғылым, құқықтану және дін мәселесін әңгімелейді. Оның азаматтық ғылымға қосқан үлесін көрсету үшін әл-Фарабидің «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету жайында», «Мемлекеттік қайраткердің афоризмдері» трактаттары орта ғасырдағы гуманитарлық білімдер туралы толық түсінік береді және адамды тәрбиелеу мен мемлекеттік өмірді құрудың қолданбалы мәселелеріне тікелей қатысты.

Ғұлама ғалым әл-Фарабидың бүкіл философиялық ізденістері мен пайымдары адамды барынша кемелдендіру, дамыту мақсатына бағытталған. Ол шартты түрде адамды нағыз бақытқа, мұратқа бастайтын негізгі құрал ретінде мінез-құлық, адамгершілік және ақыл-ой, интеллектуалды тәрбие мәселелеріне зор мән береді. Ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы ретінде құрметтеу қажеттігін көрсетеді. Өзінің ғылым тұжырымдарында ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптейді. Ол былай дейді: «*Өмірдегі заттар табиғи түрде болатын заттар және адамның еркімен жасалатын заттар болып бөлінеді, соңғылары теориялық ғылымдар арқылы емес, кәдімгі ұғымдар арқылы танылады. Сондықтан бұлар басқа қабілет пен болмыс мәнін қажет етпейді... Болмыстың мәні мен қабілеті дегеніміз – ойлау қабілеті; Ойлау қабілетінің объектісі болып табылатын заттар олардың тек түпкі мақсатқа жету жолында келтіретін пайдасына ғана қарай анықталады. Анықтаушының міндеті – өз алдына түпкі мақсат қойып, мұны бірінші кезекке ұсыну, онан соң осы түпкі мақсатқа жетуге және осы міндетті орындауға септігін тигізетін заттарды зерттеуде... Ізгі мақсатқа қажет және ізгі мақсаттағы ең пайдалы нәрсе – сол мақсаттағы ең әдемі нәрсе. Мұндай ойшылдық ізгілік ойшылдық азаматтық ізгілік болып табылады... Егер көзделетін мақсат жалған игілік болса, онда бұл мақсатқа жету үшін керекті заттардың да жалған болғаны... Ойшылдық ізгілік дегеніміз – әлденедей бір ізгі мақсатта барынша көп пайда келтіретін нәрсені анықтауға жұмсалатын ізгілік. Жамандықты көздейтін мақсатқа жетуде барынша көп пайда келтіретін нәрсені анықтау үшін жұмсалатын ойлау қабілеті ойшылдық ізгілік бола алмайды, сондықтан оны басқаша атаған жөн. Егер де ойлау қабілеті жалған игілік жолына*

барынша көп пайда келтіретін нәрсені анықтау үшін жұмсалса, онда бұл қабілет ойдағы жалған ізгілік болғаны» [2.445].

Ғұламаның ғылыми-философиялық еңбектерін байыптап қайта қарау барысында оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын көреміз. Ол – шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы оқымысты. **Оның пікірінше, жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт:**

1. Баланың ішкі ынты-ықыласы, құмарлығы;
2. Ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы;
3. Сабақ процесінің алатын орны [4.20].

Тәрбие мәселесі, соның ішінде жастарды тәрбиелеу кезек күттірмейтін мәселелердің негізгісі болып саналады және алдағы уақытта да солай бола бермек. Тәрбие – қоғамдық құбылыс, қоғам және жеке тұлғаның арақатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Бұл процестің негізгі мақсаты – жеке тұлғаны әлеуметтендіріп, оның жағымды қасиеттерін дамыту, қоршаған ортадағы адамдармен тіл табысып, өзіне және басқаларға ыңғайлы болу болып табылады.

Әл-Фараби ұлттық тәлім-тәрбие мен білімді қатар беру арқылы халықты кемелдендірудің мақсаттарын анықтап, орындау жолдарын да көрсетіп берді. Ұлттық білім беру ісі мен ұлттық тәрбие ісін біріктіре қарауды әл-Фараби жалпы адамзаттың ісі деп қарады. Әлемнің екінші Ұстазы аталған әл-Фараби *«Тәрбиесіз білім адамзаттың қас жауы болады»* деп қатты ескертті.

Әл-Фараби тәлім мен тәрбиенің орнын ашып көрсетеді. Ол тәлім дегеніміз – халықтар мен қалаларға теориялық ізгіліктерді дарыту деген сөз. **Тәрбиелеу дегеніміз** – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз. Тәлім тек сөзбен іске асырылады, ал тәрбиелеу кезінде халықтар мен қалалықтарға білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекеттер жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай әрекеттерге жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады. Сөйтіп, осы қасиеттер мен бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді [2.450].

Әл-Фараби тәрбиені неғұрлым ерте бастағанды ұтымды санайды, қатаң (зорлау) және жұмсақ (иландыру) әдістерді қатар пайдалануды ұсынады. Ол былай дейді: *«Практикалық ізгіліктер мен практикалық өнерлерді алсақ, бұлар [адамдардың] өздеріне тән әрекет жасау дағдысы арқылы [ұғынылады]. Бұған екі түрлі әдіспен жеткіш: бірінші, ұлғайтылушы. Нақыл сөз, сезімге әсер еткіш нақыл сөз және басқа нақыл сөздер әдісі арқылы жетеді; бұл әрекеттер мен қасиеттердің көңілге толық ұялайтыны соншалық, [адамдарды] осы қасиеттерге байланысты әрекеттерді өз еркімен жасауға жігерлендіреді, ал бұлардың [көңілге ұялауы] шешендік өнерін пайдалану қабілеті мен дағдысына байланысты; екінші, өз еркімен, өз қалауы бойынша жөнге келмейтін және сөзге [құлақ аспайтын] бүлікшіл, көңілсіз қала тұрғындары мен халықтарға қолданылатын күштеу әдісі арқылы жетеді...*

Ерікті түрде тәрбиелеу өнері өте-мөте көп күшті керек етеді. Күшпен тәрбиелеу өнері жөнінде де осыны айтуға болады, ал мұның мәнісі, басқасын былай қойғанда адамның өмірдегі арманы болып табылатын бақытқа жеткізерлік белгілі бір іс-әрекет жасау, бағынбаған халықтар мен қалаларды

жеңіп алу үшін әскерді шебер басқарып, қару-жарақ пен жауынгерлерді пайдалана білу деген сөз.

Жан біткеннің бәрі ең биік көмелеттікке жету үшін жаралған, ол бұған өзіне тән болмыс сатысына сәйкес жете алады. Бұдан [жалпы] адамға тиетін үлес ең жоғары бақыт деп аталады. Адамзат қоғамында ие болып отырған дәрежесіне сәйкес қайсыбір адамға тиетін үлес осы текке лайықты ең жоғары мақсат болады. Осы мақсат үшін өмір сүруші индивид – әділетті индивид, ал осы мақсатты көздейтін жеке-дара өнер – жеке-дара әділетті және ізгі өнер» [2.451-452].

Әл-Фараби иландыру әдісін пайдаланғанда керек жерінде адамның жан-жүйесін баурап алып, бағындыратын нақыл сөздерді, ал бұған қарама-қарсы жағдайда адамның жан дүниесін нығайтып, қатайтып, қайраттандыратын нақыл сөздерді пайдалануды ұсынады.

Жастарды тәрбиелеу жүйесінде әл-Фараби **бірінші орынға адамгершілік, моральдық тәрбиені** қояды. Кең мағынада алып қарағанда, олар бұл тәрбиенің ауқымына имандылық, еңбек, эстетика, дене, т.б. тәрбие түрлерін енгізіп, тұтас қараған сияқты. Әл-Фарабидің ілімі бойынша, **мінез-құлықтың жақсысы да, жаманы да туа бітпейді, жүре бітеді.** Оларға әсер етуші шешуші факторлар, себепші әрекеттер ортаның әсеріне, сіңген әдетке, дағдыға тіреледі. Ол былай дейді: *«Біз мінез-құлық сапаларының абзалы да, оңбағаны да жүре келе пайда болады дейміз. Адамда қалыптасқан мінез-құлық болмаса, қарама-қарсы мінез-құлыққа өз еркімен көшіп кетуі мүмкін.*

Адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына немесе жақын жұғысудың арқасында бір мінез-құлықтан басқа бір мінез-құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе – әдет, ал әдет деп мен белгілі бір әрекеттің жиі-жиі және ұзақ уақыт қамтылуын айтамын. Мінез-құлықтың қалыптасу жолдары өнер үйрену жолдары сияқты...» [5.12].

Білім алушыларға білім беруші ұстаздардың рөлі мен орны ерекше. Білім саласындағы басты тұлға – ұстаз. **Олардың кәсіби шеберлігіне қатысты білім беру анықталады: біріншіден,** ол ұстаздардың жоғары дәрежедегі идеялары мен ділдің иесі ретінде қалыптасуына негізделген идеяның дүниетанымдық дамуына байланысты. **Екіншіден,** оқытушының өз пәнін теориялық тұрғыдан терең, тиянақты біліп, іс-тәжірибесін қолдануларының болашағын жан-жақты білуі міндетті. **Үшіншіден,** педагог пәнді оқыту әдісін талаптар тұрғысынан білуі арқылы стандартқа лайықты білім бере алады.

Оқушыларды халқымыздың таңдаулы дәстүр үлгісінде оқыту үшін мұғалімге қазақ халқының ділінің ерекшеліктерін білуі және оған түсінік беріп дамыту жасауы қажет. Ұстаз, **ең алдымен,** халқымызға тән болашағымыздың да бойында бар адамгершілік сипатты дүниетанымына, өз мәдениетіне, әдет-ғұрпына, сан-саналарына, көп өнері мен педагогикасына арқа сүйейтіндігіне және ашық жақындығы мен бауырмалшылығына, қазақ халқының басқа халықтардың құндылықтарына сіңіре алуы қабілетіне ерекше назар аударған абзал. **Екіншіден,** өзі пәнді тиянақты меңгергенде ғана білім беру ісінің сапасы арта түседі. **Үшіншіден,** оқытудың әдісін игеріп, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан оқу тәжірибеде түсінікті саралап оқытуды игеріп жүзеге асыруы қажет. **Төртіншіден,** ұстаз тәжірибеге деген сенімін, үмітін арттырып, өмір тәжірибесінен үйренгендей оларға үйренуден аянбай, уақыттарын аялап, өз уақытын, еңбегін аямайтын болса, абыройы артады [6.4].

Әл-Фараби өзінің ұстазы Аристотель арқылы ұстаздарға сипаттама береді. «Ұстаздың мінез-құлық нормасы мынандай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеу керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздың қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына шәкіртті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет, өйткені бұлар – жұрт айтқандай, тамшысымен тас төсетін бейнебір су тәрізді. Сондай-ақ ол өзінің сабақтарын бір ғана ғылымның шеңберінен асырмағаны дұрыс, өйткені түрлі пәндермен сабақты ауырлата беру тәртіпсіздікке және белгілі бір жүйеден айырылып қалуға апарып соқтырады. Осының бәрі шәкірт өмірін ұзартады, өйткені тәнді емдеу, Гиппократтың сөзімен айтқанда, – өмірді ұзартатын болса, жанды емдеу онан да жақсы нәтижеге жеткізуге тиіс» [7.59].

«Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғары бақытқа жету болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы қажет. Сонан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп соған әрекет жасауы керек.

Әр түрлі индивидтердің түрліше қасиеттерінің айтылғанынан мынандай айқын қорытынды шығады: білуі тиіс болған (нәрселер) мен бақытты кез келген адам біле бермейді. Бұл нәрсе кез келген адамға бітетін қасиет емес. Ол үшін (екінің бірінде) ақылгөй ұстаз керек» [7.306]. Қысқасы, әл-Фараби шәкірттің моральдық-психологиялық пәктігі, тазалығын ерекше көрсетеді.

Қорыта айтқанда, әл-Фарабидің педагогикалық мұрасында тәрбие мен тәлім, білім, ұстаз бен шәкірт мәселелері бірін-бірі толықтырушы, ажырамас, диалектикалық бірлікте және олар адамзат қауымдасығымен қабыстырыла қарастырылады.

Егемен елдің ертеңі сенімді де серпінді дамуы үшін ұлттық белгілердің, соның ішінде атадан балаға мұра болып келген ерлік дәстүрі, патриоттық тәрбие ұдайы назардан тыс қалмауға тиісті. Туған анасын, елін, халқын, тілін, Отанын сүю мәселесі – сол халықтың тұрмыс-тірлігін, келбетін, сондай-ақ дүниетанымын дамытып, келешекке оң бағыт береді. Әр адамның мақсат-мүддесіне ұлттық сана басшылық етеді. Әр ұлттың өзіне тән тіршілік кәсібі, тарихы мен мәдениеті бар.

Балаларды тәрбиелеу процесінде мыналарды ескерген жөн:

Тәрбие процесінде өзекті мәселені айқындау;

Тәрбиелеу ісіне ізгілікті сипат беру;

Баланы құрметтей отырып талап қою;

Балаға еңбек еткізу, оның күнде жаңарып тұруына және баланың қуаныш сезімінің туғызуына мән беру;

Баланы табиғатты сүюге, оны қорғауға үйрету және мұның өз ісінен орын алуына бақылау жасау;

Баланы үздіксіз қызықтыра отырып, өміріне арқау болатын мамандыққа баулу;

Тиянақты білім беру арқылы жан-жақты терең талдау жасауға үйрету, оған сай бейімділікке, қайырымдылыққа, ұстамдылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу;

Баланы көпшіл болуға және дүниенің сырын білуге қызықтыру, педагогика негізінде отбасылық

тәрбиені жан-жақты жетілдіру;

Үлкенді құрметтеп, кішіні сыйлауға, елін, жерін, Отанын сүюге, бауырмалдыққа тәрбиелеу, т.б. [6.6].

Тарихи деректерге жүгінсек, Ұлы Түркі қағанаты (VI-IX ғ.ғ.) уақытынан бастап қазақтың білім-тәрбиесінен этностық ерекшеліктер айқын көріне бастағанын аңғарамыз. Орхон-Енесай бойынан табылған тас жазулар ұлтымыздың арғы тегіндегі жазу мәдениетінің болғандығымен қатар, Білге қаған, Күлтегін сияқты батырлар мен ақылгөйі Тоныкөктің сөздері қазіргі қазақтың сөз саптау үлгісіне жақын шешендік өнер дәстүрлерінің негізінде бастама алады.

XI-XII ғасырларда қазақ жерінде түркі тілінде – қазақ тілінің түпкі негізінде жазылған халқымыздың ғұлама ғалымдары әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Жүсіп Баласағұни, Мұхаммед Хайдар Мырза Дулати секілді даналары ұлттық тәлім тәрбие мен білімді қатар беру арқылы халықты кемелдендірудің мақсаттарын анықтап берсе, орындау жолдарын да көрсетіп берді. Ұлттық білім беру ісі мен ұлттық тәрбие ісін біріктіре қарауды ғұламалар жалпы адамзаттың ісі деп қарады.

Әл-Фараби педагогикасындағы өзін-өзі тәрбиелеу, ақыл-парасат, ерік күші арқылы өзін жөнге салу әдістері туралы қағидалары бүгінгі таңда да өзінің маңыздылығын жойған жоқ.

РЕЗЮМЕ

В работе дается всесторонний анализ статьи Первого Президента РК Н.А.Назарбаева «Семь граней Великой степи», в которой рассматриваются взгляды великого ученого Абу Насыр аль-Фараби на вопросы воспитания. Наряду с этим в работе показана не только тесная взаимосвязь обучения и воспитания в педагогической теории, но и отличительные черты каждого из них в качестве педагогического средства.

The paper provides a comprehensive analysis of the article by the First President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev "Seven facets of the Great steppe", which examines the views of the great scientist Abu Nasyr al-Farabi on educational issues. Along with this, the work reveals not only the close relationship of training and education in pedagogical theory, but also the distinctive features of each of them as a pedagogical mean.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. -2018. -21 қараша. -№223. 1-2-бб.

2.Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. / Құрастырғандар Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиев, Ж.Сандыбаев. – Алматы: Арыс. – 2009. – 656-б.

3.Қазақ халқының философиялық мұрасы. Әл-Фараби философиясы. 20 томдық. – 3 том. – Астана: Аударма. – 2005. 494-б.

4.Сүлейменов П.М. Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы / Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті. – 2011. 194-б.

5.Көбесов А. Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда. Зерттеу еңбек. –Алматы: Қазақ университеті. -2006. –б. 58.

6.Рысбеков Т. Тарих сабағында инновациялық әдістерді пайдалану. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ ред. баспа орталығы. – 2012. 49-б.

7.Қазақ халқының философиялық мұрасы. Әл-Фараби философиясы. 20 томдық. – 2 том. – Астана: Аударма. – 2005. 478-б.

ЕСІМ ХАН ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНА ЖЕРЛЕНГЕН

Берік БАЙБОЛОВ,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі,
Мұхтар ИСАЕВ,
«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің ғылыми қызметкері, PhD

Есім хан – 1598-1628 жылдары Қазақ хандығында билікте болған Шыңғыс әулетінің өкілі. Шығай ханның баласы. Туған ағасы Тәуекел ханнан кейін ел билігін қолға алған Есім хан Түркістан қаласында тұрып, билік жүргізді. Сұлтан кезінде ағасы Тәуекел ханмен Түркістаннан Самарқанға дейінгі жерді Қазақ хандығының құрамына қосты.

Түркістанды Қазақ хандығының астанасы ету түбегейлі Еңсегей бойлы Ер Есім тұсында жүзеге асқаны, Түркістанның қазақ хандарының ордасына айналғандығы «Исатай-Маханбет» дастанында былай жырланады:

Шыңғыстың тағы құрылған.

Түркістанда ту тігіп,

Атаң бір қазақ мекендеп,

Хандары сонда тұрылған [1, 66-б.].

Яғни, «Есім ханнан бастап Қазақ елінің астанасы нақтыланып, бұрынғы Ясы қаласы Түркістан деген атауға ие болады. Есім хан салған осы жол бойынша Түркістан қаласы қазақ мемлекетінің астанасы міндетін бірнеше ғасыр бойы атқарады» [2, 18-б.]. Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» жазбасындағы: «...Мен қазақ ішіне келтім, Түркістанда Есім хан қасында үш ай тұрдым. Ол уақытта қазақтың ханы Тұрсын хан еді» [3, 189-б.], – деген жолдар ойымызды нақтылай түседі. Осыдан бастап Түркістан қазақтың жиырма бір ханына астана ретінде қызмет атқарады. Орыс ғалымы М.П.Вяткин осы ойды одан әрі Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Үлкен Ақсарай бөлмесінде мемлекеттік істер жүргізіліп, елшілер қабылданып, бұйрықтарға қол қойғандығын жазады.

Есім ханның Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңына жерленгенін, оған арналып кесене тұрғызылғанын тарихи деректермен талдап көрелік. Оның аталған жерге жерленгендігі тұрғысында Қадырғали Жалайыр дерегіндегі назар аударатын ерекше жайт – Жәдік ханның Үргеніштегі Бақырған ата жанында жерленгендігі туралы мәліметті жатқызуға болады. Бізге белгілі ортағасырлық дереккөздерде кейбір Ақ Орда хандары мен алғашқы қазақ хандарының Қазақстан мен Орта Азияның әр түрлі қалаларында немесе өздерінің билік құрған жылдарындағы саяси-әкімшілік орталықтарда жерленгендігін айтады. Мәселен, Сасыбұқа хан (1320/1321 жылы қайтыс болған) Сауран қаласында, Ерзен хан (1344/1345 жылы қайтыс болған) Сығанақ қаласында, ал Қасым хан (1521 жылы қайтыс болған) Сарайшықта жерленген [4, 122-б.]. Бұдан хандардың өзі билік құрған астанасында жерленгендігі туралы қорытынды шығады.

Жәдіктің жерленген жері Үргеніштегі Бақырған атаның жаны екендігіне қарап, оның себебін Есім хан атасының мұсылманшылдығы мен діни ұстанымымен түсіндіруге болады. Кейіннен бұл жолды Есім ханның әкесі Шығай хан да жалғастырып, қайтыс болғаннан кейін Бұхара түбіндегі Күміскент қалашығындағы Әли-ата жанына жерленеді [4, 122-б.]. Атасы мен әкесінен

қалған дәстүрден ауытқымай, Есім хан да, о дүниелік болғаннан кейін Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жанына жерленеді және қабірінің басына кішігірім кесене тұрғызылады.

Түркістанды астана еткен хандардың ең алғашқысы – Есім хан. Бұл туралы деректер Ш.Уәлихановтың досы Г.Н.Потаниннің әкесі Н.И.Потаниннің 1829-1830 жылғы Омбыдан Қоқан хандығына барар сапарында Түркістанға соққаны және Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің алдыңғы бетінде ескірген кесенелерді көргені, оларды шырақшылардың «Есім, Жәңгір, Тәуке хан мазарлары» деп түсіндіргені жайлы жазба деректер хабарлайды [5, 102-109-б.]. 1957 жылғы түсірілген кесене айналасының жер бедерінің көрінісінде (топосъемка) жеті құрылыстың ізі биік топырақ үйіндісі түрінде көрсетілген.

Н.И.Потаниннің жазбасы мен басқа да тарихи деректерді негізге алып, аталған үш хан да Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сыртына жерленіп, бастарына күмбезді кесене тұрғызылған деп тұжырым жасауымызға болады.

Археолог Н.Б.Немцова 1958 жылы бұл төбешіктердің үшеуін зерттеп – олардың біріншісі – Шілдехана, екіншісі мен үшіншілері көне кесенелер қалдығы екенін анықтаған. Тағы бір қазба орнын кесененің батыс мұнарасынан оңтүстік-шығысқа қарай 24 метр жерден белгілеген. Оның көлемі 15х12 м етіп қоршап, ортасына «Мавзолей Есім хана» деп жазған [6]. Есім хан 1628 жылы қыркүйек-қазан айларында қайтыс болып, қабірінің үстіне «ерекше, кішкене, қазіргі кезде мүлде қирап қалған кесене тұрғызылған» деген деректі М.Е.Массонның жазбаларынан да оқуға болады.

1974 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін айналдыра (тереңдігі 6 метрден 9 метрге дейін ауытқитын) жер асты суларын бір жерге жиятын дренаж жүйесін қазып жатқан кезде тап сол «Есім хан кесенесі» мұрдеханасы шығады. Бірақ құрылысшылардың жауапсыздығы себепті құрылыс экскаваторымен қиратылып, ішіндегі жерленген сүйегімен қоса жүк машинасына арттырылып, құрылыс қоқысын төгіп жатқан жерге шығарылып тасталады. Экскаватор жүргізушісі С.Манасуевтің өз қолымен жазып, сызып берілген тілхаты бойынша құрылыстың ені – 4, ұзындығы – 6, биіктігі – 3 метр болған. Ішінен сүйегі ірі, бойы биік – 2 метрдей мұрде шыққандығын жазады. Ел аузында Есім хан «Еңсегей бойлы ер Есім» деген атпен жақсы белгілі, яғни, ол аса ірі денелі адам болған. Бұл аталған сүйек ұзын бойлы Есім хандыкі болғандығы туралы болжам жасауымызға мүмкіндік береді [7].

Есім ханды Ташкент маңындағы Шайхантаурда жерленген деп тұжырым жасаушылар да бар. Бұған М.Тынышпаевтың «Ер жүрек Есім хан шығыстағы қалмақтарға аттанып бара жатып, Түркістанға Тұрсын ханды шақыртыпты. Ташкентті билеп отырған Тұрсын ханға қатаған мен қаңлы рулары бағынышты екен. Есім оған бүкіл халықты бас-

қаруға береді және өз отбасына ерекше қарауды тапсырады. Тұрсын хан Есім ханның барлық тапсырмасын бұлжытпай орындауға ант береді. Сөйтіп, Есім хан соғысқа аттанып кетеді, ал Тұрсын хан Ташкентке оралады. Есім хан жорықта екі жыл болып, қалмақтарды талқандайды да, әскерін ауылдарына таратып, кейін қайтады. Жолда Күйік тауының маңында Тұрсын ханның бұзауларын бағып жүрген бір кемпірді көреді. Кемпір жылап тұрып «өзінің батыр ұлы Есімнің жорықтан қайтып оралған соң ханшаға мал бақтырып қойған сұмпады Тұрсыннан кек алатынын» жеткізеді. Есім хан сол арада өз анасын таниды да, кеудесін қатты ыза мен күйік кернейді. Осыған байланысты, аталмыш жер «Күйік» деп аталып кетіпті. Арыс өзені бойымен келе жатып қазіргі кезде «Құтырған» деп аталатын жерде Тұрсын тонауға ұшыратқан өз ауылының жұртына кезігеді. Ол жерде Есімнің бала-шағасы Тұрсынның малын бағып жүр екен. Ашуға булыққан Есім хан жаңа әскер жиып, Тұрсын ханға аттанады, ал жер атауы сол себепті де «Құтырған» деп аталып кетеді. Есім хан Тұрсынға тез жетіп, оның қарамағындағы қатағандарды қырып салады, Тұрсынның өзін шауып, «Хан Тұрсынды ант ұрсын» деп өз қолымен оны өлтіреді» [8, 157-158-б.],— деген жазбасы мен Марғасқа жыраудың:

Ей, Қатаған хан Тұрсын!
Кім арамды ант ұрсын.
Жазықсыз елді жылатып,
Жер тәңірісіп жатырсың,
Хан емесің қасқырсың,
Қара албасты басқырсың!
Алтын тақта жатсаң да
Қазаң жетті қапылсын!
Еңсегей бойлы ер Есім,
Есігіңе келіп тұр,
Алғалы тұр жаныңды,
Шашқалы тұр қаныңды,

Кешікпей содан қатарсың!— деп жырлайтын суреттемесіндегі дәлелдер [9, 52-б.] екі хан арасын-

дағы шиеленістің соңы жөніндегі тарихи деректер Есім хан қайтыс болғаннан кейін мұрдесін Тұрсын хан адамдары қорлауы мүмкін деген оймен бұл жерге қоймайды деп тұжырым жасауымызға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, Есім ханнан бастап қазақтың барлық ресми хандары мен заманында саяси қайраткер, қолбасшы, рухани көсем дәрежесіне дейін жеткен тұлғалар да Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жанына жерлеуді ұрпақтарына аманаттады. Бұл тарихи шаһар Түркістанның ролі мен маңызын, қасиеті мен құдіретін шын сезінгендіктен болар.

РЕЗЮМЕ

В статье описывается жизнь Есим хана, который сделал Туркестана, столицей Казахского ханства. Анализируются исторические и археологические сведения о погребении казахского хана в мавзолее Ходжа Ахмеда Ясави.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шөреков Ы. Исатай — Махамбет. Ташкент: Қазақтың мемлекет баспасының Күншығыс бөлімі, 1926. - 66-б.
2. Кәрібаев Б. «Есім хан», - Алматы, - 2010. 18-б.
3. Әбілғазы Баһадүр. «Түрік шежіресі», - Алматы: Қазақстан, - 1992, - 189-б.
4. Қадырғали Жалайыр. «Шежірелер жинағы». - Алматы: Қазақстан, - 1997. - 122-б.
5. Записки о Кохандском ханстве хорунжего Н.И.Потанина // Военный журнал, - СПб., - 1831, №4, С.102-139.
6. Архив НИПИ ПМК и Архив музея-заповедника «Азрет Султан» инв. №100. Топо-план и план благоустройства охранной зоны.
7. Тұяқбаев М. «Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар», - Алматы, - 2000. - 265-б.
8. Тынышпаев М. Материалы истории киргиз - казахского народа. -Ташкент: Восточное отделение Киргизского государственного издательства, - 1925.
9. «Ай заман-ай, заман ай», - Алматы. -1991. - 52-б.

ЖАБАЙ АҚИҚАТЫ ҚАШАН АЙҚЫНДАЛАДЫ?

Ер Жәнібектің 300 жылдық мерейтойы қарсаңында, яғни, 2006 жылдың 9 маусымында Алматы қаласының Ғалымдар үйінде ғылыми мәслихат өткізілгені мәлім. Осы мәслихатта пікірін ортаға салған қазақ әдебиеті тарихының білгірі, профессор Тұрсынбек Кәкішев «советтік тәрбие көріп, ру атауын айтудан жасқанатын, тіпті, қорқатын тар шеңберлі түсініктің» тас-талқанын шығарған. Марқұм ғалым: «Ұлттық рухымыздың мәртебесін көтеру аса қажет болып отырған бүгінгі таңда батырларымызды жоқтау, олардың атын атап, аруағын аунату ешқандай ұлыстық, рулық түс алмайды. Сол үшін де Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақұлы Жәнібек және Керей Ер Жәнібек есімдері ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан рухымыздың білгі болып келе жатыр... Ендеше оларды ана рудың, мына рудың батыры деп бөлу ұлттық ұйымтқымызды ірітетін жетесіздік деп білемін. Керей Ер Жәнібек – Керейдің батыры ғана емес, қазақтың ұлы батырларының бірі. Жәнібек Керей болғандығына еш кінәлі емес!»— дей келіп,

жиналған қазақтың ығайлары мен сығайларын түпсіз тереңге жетелеп, ой мәйегінің дәнін ауыздарына салған. Сондағы мәйек сөз мынау:

«Батырдың аты қалай шығады, ол несімен тарихта қалады? Әрине, еліне көрсеткен еңбегі үшін! Еліне, жеріне маңдай терін, жүрек қанын арнаған батырлар ғана халық жүрегінде сақталады. Олай болса Ер Жәнібектің керей елінің ұранына айналуы жайдан-жай емес»,— деген екен дегдар ғалым сол жиында.

Ғалымның осы сөзін Жәди Шәкеннің жазған дүниесінен ғаламтор арқылы жақында ғана оқыдым. Оның алдында медицина ғылымының докторы, атақты дәрігер, елге сыйлы азамат Уатқан Сәйпіл: «Абақ Керейдің бір тармағы Көнсадақ руының ұраны Жабай болып аталуы көп сырды аңғартады. Бабамыздың есімі бізге шежіре арқылы «Батыр Жабай», «Ер Жабай», «Ақыр Жабай» болып жетті. Қазақтың қазіргі жазылып жатқан тарихының бастау бұлағы – шежіре. Шежіре мен тарихты еш ажыратуға болмайды. Керей мен көнсадақ шежіресінде, қазақтың жыр-дастандарында Жабай

бабамыз жөнінде деректер мен дәйектер жетерлік. Тіпті, жер-су атаулары да бар. Сондықтан, сен ешкімнен, ештеңеден жасқанба», – деп еді.

Бұрындар бұл сөз жанашыр інім Әділет тарапынан да айтылып жүрген-тін. Ол інім өз бетімен ғаламторды ақтарыстырып, Жабайға немесе көнсадаққа қатысты бірдеңе таба қалса, хабарласып, пікірлесіп, жас та болса, келелі ойларын білдіретін.

Жоғарыдағы марқұм Тұрсынбек Кәкішевтің: «... Олай болса Ер Жәнібектің керей елінің ұранына айналуы жайдан жай емес», – деген сөзі, Уатқан Сәйпіл ағамыздың жүрекжарды пікірі, Әділет секілді інілеріміздің келелі ойлары жасыған көңілімді қайта жанып, қолтығымнан демеді, қалаымды қолыма қайта ұстатты. Өйткені, Ашамайлы керейлер тарапынан естіген сөздерім мені бүгежектетіп кеткен. Бірақ, «бір жаманның бір жақсысы бар» дейді ғой қазақ, ендігі жерде Жабай атын естісем, не оқысам, бас салып жабыса бермейтін болдым. Алдыңғы ойларымнан бас тартпасам да, өремнің өлшемімен саралайтын дәрежеге жеттім.

2010 жылы әкем Жұмахан Мәмиұлы Сәбитовтың «Гридан-Полиграф» баспасынан «Аманат» атты кітабы жарық көрген еді. Кітапты баспаға әзірлеген – өзім, редакторы – қазақтың өткені мен бүгінгі тарихын жақсы білетін атақты ақын Әбубәкір Қайран. Кітап, негізінен, әкемнің өлеңдерінен тұрады, дегенмен, соңғы жағында қазақ тарихы мен шежіреден, әулеттік тауарихтан мағлұмат беріледі. Осы бөлімге әкем «Тарихнама» деп атау қойыпты. Бұл жөнінде кітап редакторы Әбубәкір Қайран түйіндемесінде «...«Тарихнама» бөлімінде Жұмақан ақсақал, тарихшы-ғалымдардай, өткенге ой мен білім жүгіртіп, өз әулетінің тегі мен осы күнге дейінгі ұрпақтары жөнінде мол деректер келтірген. Әулеттегі белді-беделді батырлар, атақты адамдар жайлы жалаң айтып қана қоймай, оны нақты ғылыми дәлелдермен тұжырымдап отырады», – деп жазған.

Ал, осы кітаптың 212-бетінде: «...Жабай атамыз Керей Жәнібек батырмен бірге жоңғармен 40 жылдық соғыс кезінде ел бастаған батырлардың ішінде болған. Яғни, Жаппас пен Жабай – біздің батыр бабаларымыз. Көнсадақтың ұраны – Жабай.

Жабайдың сүйегі Есіл өзенінің бойында. Есіл өзені Ақмолада. Жабай жоңғар соғысында қаза болған...», – деген пікір келтіріледі.

Ал, 2014 жылы күз айында Қытайдағы Үрімжіден төте жазумен жарық көрген «Абақ керей Көнсадақ шежіресі» кітабы қолыма тиді. Маған жеткізген ҚХР азаматы, аталған кітап авторларының бірі Мағаз есімді жігіт ағасы. Сол кітаптың «Көнсадаққа ұран болған Жабай батыр туралы» бөлімін, өзім төте жазу білмегендіктен, Абылай хан атындағы Әлем тілдері университетінің профессоры, қытай тілінің маманы Бақытжан Зиядаға осы жазу қарпіне түсірттірдім. Көнсадақ шежіресіндегі Жабай батыр жөніндегі дерек: «... Ер Жәнібек бастаған ел шығысқа ауғанда, Жабай батыр жасының ұлғайып, денсаулығының нашарлап қалғандығын және өзінің төрт атадан жалғыздығымен қоса ұлы Шоланның да жалғыздығын ойлап, өзінің нағашы және қайын жұрты боп келетін Есіл бойындағы қалың Ашамайлы еліне қалып, көп өтпей қайтыс болған. Ашамайлының бір тармағы Сибан руы көп мекендеген Есіл бойындағы Аттұр деген жерде жерленген. ...Қазір сол жердегі Аша-

майлы елі «Жабай қасиетті батырымыз» деп кейбір жер, өзен аттарын Жабай атымен атап, батырдың зиратына үнемі құран оқып, нәзір беріп тұрады...», – деген пікірмен тұжырымдалып, қорытындыланады.

Бір ғажабы, қытайдағы Көнсадақ шежіресін жазушы қазақтар мен әкем бір-бірін мүлде білмесе де, екі кітаптағы пікірлердің бір-бірімен ұштасып жатқандығы. Бұл дерек – Жабай батырдың Ашамайлы керей еліне сіңгендігі және сол елдің ішінде қайтыс болып, Есіл өзенінің бойында жерленгендігі.

Енді осы ойды ары қарай өрбітіп, ақиқатты іздесек, Сұлтан Тәукеұлының «Ақыр Жәнібек» кітабынан аттап өте алмаймыз. Бұл кітап Ер Жәнібектің 300 жылдығына орай жазылып, 2014 жылы «Абзал-Ай» ЖШС-ның дайындауымен басылып шыққан екен. Кітап көркем дүние болса да, халықтың танымына жақындатылып, «Роман шежіре» деген мәртебе беріліпті, яғни, кітап – тарихи роман. **Бұл жөнінде Ер Жәнібек атындағы Халықаралық қордың президенті Мақсұт Темірбаев мырза кітаптың алғы сөзінде: «...Ақыр Жәнібек – тарихи дерегі өте мол көркем шығарма... ең бастысы – тарихи роман деген атауына лайық әрі бас кейіпкер Ер Жәнібектің образы ешбір артық мадақтаусыз, дәлме-дәл сипатта көрінген», – деп сипаттама береді.**

Кітаптың бірнеше жерінде біз іздеп отырған Жабай атамыздың есімі, әрі, оның көнсадақ руынан екені айтылған. Жазушы негізгі кейіпкердің бейнесін танытуда, оның характерін жан-жақты ашуда, ірі-ірі тарихи оқиғаларды суреттеуде Жабай сынды тарихи тұлғалардан аттап өте алмайды. Жабайтанудың іргесі енді ғана қаланып жатқандықтан, турасын айтсақ, қолымызға түскен аз-маз деректерді ғана пайдаландық. Ақиқатты табу жолында Он екі ата Абақ керейдің бір тармағы Көнсадақ руынан шыққан Жабай батырдың қазақтың әйгілі батырларына жапсырыла айтылып жүргеніне шүкір дедік, соны місе тұттық. Ендігі мақсат – қазақ әдебиеті тарихының ғұламасы Тұрсынбек Кәкішев марқұм айтқандай, Жабай батыр жөніндегі ақиқатты айқындау, оның қазақ тарихындағы орнын анықтау.

Әуелде қазақ тарихында бірнеше Жабайдың болғандығынан, әрі олардың бәрі батыр екендігінен және барлығы дерлік жоңғар соғысына қатысқанынан мүлде бейхабар едім. Жабай батырды іздеген әкемнің жазған дүниесін зерделей отырып, оның бабасын шатастырғанын білдім, күні бүгінге дейін мен де шатастырып келіппін. Өлі де ақиқатқа көз жеткізе алмай дал болып жүрмін. Ақиқатты табу, ақиқатқа жету оңай көрінбейді. Дегенмен, үміт оты жылт етті. Енді соны сөз қылайын...

Ең алдымен, үміт отын жаққан – 2014 жылы Алматы қаласынан шыққан «Ер Жәнібек Бердәулетұлы» кітабы. Ер Жәнібек халықаралық қоғамдық қоры шығарған бұл кітаптың редакция алқасы құрамында филология ғымдарының докторлары, профессорлар Т.Кәкішев пен З.Сейтжановтың, жазушы Ш.Құмарұлының, тағы басқа қазақ әдебиеті тарихы білгірлерінің болғаны біраз жайтты аңғартса керек.

«Ер Жәнібек» деген жырда, яғни, осы кітаптың 30-бетінде:

...Найманнан батыр Барақ бар,
Сүйіндіктен Олжабай,
Уақтан батыр Бармақ бар,

*Керейден шыққан батырлар:
Шақабай мен Ер Жабай,
Менің атым болады,
Қаракерей Қабанбай,
Айтулы батыр мынау да,*

Қанжығалы Бөгембай...– деген жолдар бар. Кітап 550 беттен тұрады. 3-беттен бастап 306-бетке дейін кирилл қарпімен, ал 308-беттен 508-бетке дейін төте жазумен жазылған. Мен төте жазуды білмегендіктен, оны оқи алмадым және осы жазуға түсіртіп алуды да жөн санамадым. Өйткені, мәтінде кездесетін діни есімдер мен адам аттарына түсініктеме кирилл қарпімен берілген. Мәселен, 292-бетте: «Ер Жабай – Жәнібек батырмен бір дәуірде жасаған батыр. Руы Абақ керейдің бір тармағы болған – көнсадақ руынан. Жабай есімі кейін келе көнсадақ руының ұранына айналған»,– деп, түсініктеме беріледі.

«Көнсадақ шежіресі» мен әкемнің «Аманат» кітабында Жабай батырдың өлер алдында жалғыз ұлы Шоланды аманат етіп Ашамайлы керейге келгендігі, сол елдің жеріндегі Есіл өзенінің бойында қайтыс болғаны айтылады. Бұл жөнінде Сұлтан Тәукейұлының «Ақыр Жәнібек», Шәміс Құмарұлының «Ер Жәнібек» кітаптарында да егжей-тегжейлі баяндалған (егер, кітап авторларының тарихи оқиғалар ақиқатын бұрмалағанына сенсек, санамызда қалыптасқан түсініктердің тас-талқан болатыны анық).

...Осы арада мен бір лирикалық шегініс жасайын деп отырмын. Осыдан бес-алты жыл бұрын өзімнің досым, қазақтың атақты ақыны Әбубәкір Қайранның үйіне бара қалсам, ғылым докторы, профессор, Әбубәкірдің қайнағасы Нәубәт Қалиев марқұм өзінің бала-шағасымен Астана қаласынан келіп, қонақ болып жатыр екен. Ол кісі кезінде Мәжіліс депутаты да болған, руы – тобықты. Қазақтың өткені мен кеткенінен білмейтіні жоқ, қазақ-орыс, шет елдік классиктердің де шығармаларымен жақсы таныс. Өсіресе, Абай туралы, Абай төңірегі жайлы айтқанды, Абайдың әндерін тыңдағанды ұнатады. Менің де бір әу дерлік шамам бар. Абайдың бір-екі әнін шырқап жібердім. Содан, дастархан басында әңгіме тиегі ағытылып, Нәубәт ағамыз менен қай рудан екенімді сұрады. Мен Абақ керей екенімді айттым.

–Е-е, кең қолтық керей екенсің ғой,– деген ағадан айтқан сөзінің мәнісін сұрадым. Ол кісі бұл сөздің түп-төркіні Абайда жатқанын сөз етіп, сол оқиғаны әңгімелеп берді. Абай өз руластарының сілтеген қамшысы тигеннен кейін «...бұл елде, тобықты ішінде тұрмаймын» деп, атына мініп алып, беті ауған жаққа кетсе керек. Сонда Шәкәрім мен Көкбай шылбырына оратылып жатып алып:

–Абай аға-ау, қайда барасың?– десе керек. Сол кезде Абай:

–Мына кең қолтық керейдің ішіне барып тұрамын,– депті.

Абай басынан кешкен сол оқиғаның дәл осылай өткеніне мен толық сенемін. Абақ керейлердің қазіргі мінезі жөнінде екіұдай сезімдемін, бірақ, жаугершілік қысылтаяң кездің өзінде «кеңқолтық» танытып, «жерге, билікке» таласпағанына көзім жетеді.

Жоғарыдағы екі автордың кітаптарын оқығаннан кейін осындай ой түйдім. Абақ керейлердің «ата қонысым» деп қазіргі ШҰАР жеріне көшіп баруына өз қазағынан көрген қағажуы да себеп болған сияқты.

Жабай батырдың қайын жұртында, яғни, жалғыз

ұлы Шоланның нағашылары елінде, Есіл өзенінің бойында қайтыс болғанын шежірелік және тарихи-көркем деректерден білдік. Осыны ақиқатқа бастайтын шындық деп қабылдағандықтан, әрі сенгендіктен, өзіміздің ұстанымға негізгі тірек етіп алдық.

Сұлтан Тәукейұлының «Ақыр Жәнібек» кітабының 52-бетінде:

«... Обаған, Тобыл өңірінде қалған Уақ пен Ашамайлы Сибан елі де Орға қарай ығысқан екен. 1723-ші жылы ақтабан шұбырынды болған Уақ пен Абақ керейдің алды Орға әлдеқашан жетіп, енді Тобылға таман еңкейген-ді. Арғындардың алды Ордың Қарағаш деген жеріне былтыр күзде келген. Міне, биыл күздің қара басында сол Арғындардың ізімен Уақ және Абақ Керейдің Жәдік, Жәнтекпей, Қарақас, Молқы рулары келсе, қар бір жауып, қыстың басы жақындаған мезгілде Шерушіден Айтуған мен Күнтуғанның ұрпақтары – Есет, Үсет, Ожық, Жаппас руларының соңы жетті. Тағы да ақтабан шұбырынды бола, азып-тозып жеткен елдің алдынан Ашамайлы керейдің Сибан руынан шыққан батырлары – Есет пен Қарабатыр, Уақтың Жауқашар руының бұі – Құлсары шығып, жайлы қонысқа қондыруға қол ұшын берді»,– деп жазылған. Міне, кейін Жабай батыр Абақ керейдің рулары молынан жайлаған Ашамайлы керейдің Сибан руының ішіне келіп қоныстанбағанына кім кепіл? Қазақ-жоңғар соғысында қазақ рулары мидай араласып, бірінің ішіне бірі сіңді. Қазірге дейінгі арада өткен ондаған жылдар, тіпті, діні мен ділі, тілі де жат адамдарды сол рулардың адамдарына айналдырып жіберді.

Осы сөзімді дәлелдеу үшін өз көзіммен көрген біраз жайттарды айтайын. Мен Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданындағы Қара Ертістің сол жағалауына жақын жерде туып-өстім. Ауылымызда өзге жұрт «шала қазақтар» деп атайтын 10 шақты отбасы тұрды, бірақ, олар өздерін «шала қазақпыз» демейтін. Біреуі өздерін «тоқтауылмыз», ал енді басқалары «тұзақшымыз», «тайлақпыз» деп атайтын. Әжем марқұм солардың тегін маған түсіндіретін. Біреуін «дәрбіт», басқасын «торғауыт», анаусын «қалмақ», мынауысын «дәрбөлжін» дейтін. Әжем үшін басқа болғанымен, олар мен үшін – қазақ. Әжем де, басқалар да оларды ешақашан шеттетіп көрген емес. Едірейген қазіргі келімсектердей емес, олар да қазақ үшін жандарын салған қазақтың бел баласындай еді.

Шәміс Құмарұы «Ер Жәнібек» кітабының бірнеше жерінде осы тақілеттес жайттарды баян қылады. 130-бетінде: «...орта жүздің арғын, керей, уақ қатарлы арыстарының бір бөлігі 1723 жылы ақтабан шұбырындыда аралдан арғы Ырғыз, Торғай, Ор өзендерінің бойына ауып кеткен болатын, ал қалғандары Сыр мен Қаратау, Шу өзені бойын аралас мекендеп келе жатқан»,– деп мағлұмат береді.

Абақ керейдің ата мекеніміз деп, Қара Ертістің басындағы Өр Алтай мен Тарбағатайдың күнгеі бетіне қайта қоныс тебуіне қазақ руларынан көрген теперіші де себеп болғанын жоғарыда бір сөзімізде айтқанбыз. Біздің бөрімізге Бұқар жыраудың «Керей, қайда барасың?» деген өлеңі ауыз әдебиетінен жақсы таныс. Осы өлеңнің айтылуына үлкен бір тарихи оқиға себеп болғаны жөнінде Шәміс Құмарұлы індете жазыпты. Бұқар жырау мен Өтеген батырдың керейлердің соңынан алты күндік жерден не үшін қуғанының жай-жапсарын айтпай-ақ қояйық.

Шәміс Құмарұлы көркем тілмен көріктете жазса да, шындықтың бетін ашқан. Кестелі тіліне қарап «жауырды жаба тоқиды» деп ойлағам. Жоқ, олай емес екен. Мысал келтірейік: «...Өтеген мен Бұқарды Абылай сұлтан арнайы шақырып алып:

–Ел арасына қисынсыз жерден сызат түсіп, береке бұзылды. Керей солтүстікке кетпесін, бұлайша бөлініп көше берсе, берісі мынау орта жүздің, арысы иі қазақтың тозуына апарып соғады. Керейдің өкпесін біліп, Бараққа сәлем беріңдер, тілге келсе, сол Ұлытау өңірінде қалсын,– деген.

–Тақсыр, ол маңға керей тоқтамасашы,– деген Өтеген батыр сонда.

–Ең алыс кеткенде Орға барар, барған соң көреміз. Орысқа тірелер, орыс бетінен алып дал қылған соң қайта айналар,– деген Абылай кесете сөйлеп».

Абылайдың айтып отырғаны «Абақ керейлер», бұған «ашамайлылардың» қатысы жоқ. Қазақтың береке-бірлігін ойлаған Абақ керейлер «текетіреске» бармай, руластары ашамайлылардың ішіне уақытша көшіп келуі көкейге өбден қонады. Бұқар жыраудың «Керей, қайда барасың?» өлеңі, Сұлтан Тәукейұлы мен Шәміс Құмарұлының Абақ керейлердің солтүстікте баруы жөнінде жазғандары, шежіредегі деректер мұрағаттық құжаттардан бір де бір кем емес. Абақ керейлердің, оның ішінде Жабай батырдың сілемі солтүстік аймақтағы Ашамайлы керейлердің ішінде жатыр.

Қазіргі керейлер тарихын сөз еткенде, Шыңғыс хан құрған Моңғол империясын айналып өте алмаймыз. XIII ғасырдың басында Шыңғыс хан сол кездегі күш-қуаты Шыңғыс қолынан әлдеқайда күшті керейдің ханы Тұғырылға сүйеніп, Моңғол даласындағы өзге ұлыстарды өзіне қаратады. Әбден күшейіп алғаннан кейін Шыңғыс хан Тұғырылдың қолын, яғни, керей хандығының тас-талқанын шығарады. **Шыңғыс хан керейлердің шаңырағын ортасына түсіргенге дейін Өр Алтай олардың атамекені болып келген. Осыдан кейін төрт ғасыр шамасындағы уақытта Өр Алтай ойраттардың қолында қалды. Осы дерек ары қарай былайша өрбиді:** «XVIII ғасырдың басында керейлер Сыр бойында болатын. 1730 жылдар шамасында керей мен арғын арасында қақтығыс болып, Арғын жағынан Ақмырза деген адам өледі. Керей құнға жығылады. Осы даудың билігінде найман, қоңырат, қыпшақ сияқты қалыс таптардың билері іргелі арғын ұлысының сөзін сөйлегенге наразы болып, керей басшысы Сүйеншелі ұлы Барақ елін бастап, Кіші жүз қоныстанған Ор өзені бойына ауа көшеді. Бұл көш Торғай, Ор өзендеріне, одан ары Тобылға дейін барады. 1740 жылдарда азаматтары ұрысқа кеткен Керей ауылына Ор бекінісінен шыққан орыс солдаттары келіп, «аттарымызды ұрладыңдар» деп жала жауып, бала-шаға, шал-шауқандарды қинап, 60 адамын өлтіреді. Азаматтары қайтып келген соң, ызаланған керейлер бекіністі өртеп жіберіп, шығысқа ауа көшеді де, Нұра, Есіл өзендерінің бойына келіп мекендейді. Бұл тұста арғындар да Сыр бойынан осы өңірге келе бастайды. Керей, арғын арасында жер дауы, жесір дауы, мал дауы көбейе берген соң, Абақ керей әулеттері жоңғарлардан босаған Көксала, Бақанас, Аягөз, Нарын өңірлеріне ауып қоныстанады, ал ашамайлы керей Жабай батыр бас болып, Есіл өңірінде қалады» (Бәби Тоқтар. «Абақ

керейдің билік жүйесі және заң-ережелері. Абақ керей жөнінде қысқаша түсінік». Ғаламтордағы материал). Осы деректің соңғы жай сөйлемінде стильдік қате орын алған сияқты, оны «...Жабай батыр бас болып, ашамайлы керей Есіл өңірінде қалады» деп оқылса, бұл көп жайтты аңғартады. Өйткені, айтылатын негізгі ой – ашамайлылардың Есіл өңірінде қалуы, оларға Жабай батырдың бас болуында болып тұр ғой. Ал, осы ғаламторлық мақаладағы Жабай батырдың Абақ керейдің бір тармағы Көнсадақ екенін меңзейді.

Жабай батырды ұлықтау жөніндегі шараның басында жүрген Айбын Әубәкір маған Әлібек Ғалеевтің «Өмір арнасы – ұрпақ жалғасы» деген кітабының ксерекстен өткен көшірмесін берді. Беттері толық емес екен. Дегенмен, оқып шықтым. Оқығанымнан «...автор, әсілі, Ашамайлы керей болар...» деген ой түйдім. Осы кітаптың 23-бетінде: «...Қалмақтардың шабуылынан жасқанған Жабай батыр елін (Алдай елін) Семей жерінен осы жерге көшірмек болады»,– деген сөздер бар. Ал, 36 және 37-беттеріндегі жолдарға назар аударайық. «...Сексен мен Тоқсанға қарасты жерлер қазіргі Жамбыл ауданындағы Благовещенка, Қарғаш, Суаткөл, Амангелді, Талпын ауылдары екен. Осы жерлерді иемдеу туралы төмендегідей аңыз бар. Қытайлардың шабуылынан жасқанған Жабай батыр елін Семей жерінен осы жерге көшірмек болады»,– деген дәйек келтіріледі. Енді мұның қайсысына сенеміз? 23-беттегі ме, әлде 36-37-беттердегі дерекке ме? Керейлер кімнен қашқан? Қалмақтардан ба, әлде, қытайлардан ба? Қысқасы, кітаптағы мағлұматтан түйгеніміз – Жабай елінің шығыс өңірінен көшіп барып, солтүстік өңірге қоныстанғаны. Бұл дерек жоғарыда айтылған Жабай жөніндегі біздің пікірімізді қолдайтын сияқты боп көрінді. Мақсатымыз: кітаптағы бұл деректі жоққа шығару емес, тағы да баса айтамын: мақсат – Жабайлардың ара жігін ажырату.

Ал, осы кітаптың 32 және 33-беттеріндегі деректерді келтірейін. Автор:

«Патша үкіметінің қазақ жерін отарлауына қарсы күресте бізге жеткен аңыз деректерінің бірі Жабай батырдың баласы Сексен жайлы. Атақты Қара бидің баласы Жабай Абылай ханның мыңбасы батырларының бірі болған. Кезінде Тәтіқара ақын:

*Ағашта биікті айтсаң, қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң, Бөгебайды айт,
Найзасының ұшына жау мінгізген
Еменәлі Керейде ер Жабайды айт,– деп жырлаған.*

Қожаберген «Елім-ай» дастанында:

*Қиыншылық ылғи болмас әлі-ақ өтер,
Ерлерім жауды ұзатпай тентіретер.
Бөгенбай, Ерсары, Асқап, Жабай, Көшек
Қалмақты қойша қырап, зар өңіретер,–*

деген (жалпы, кітаптардан келтірілген сілтемелер сол қалпында жазылды).

Ер Жабайдың ерлігін Үмбетей, Ақтанберді, Бұқар, Жанақ ақындар да жырларына қосқан»,– деп жазады.

Тәтіқара жыраудың өлеңіндегі «Еменәлі Керейдің» ашамайлы екені анық, бұған еш талас жоқ. Сонда, Тәтіқара жырау неше Жабайды өзінің өлеңдеріне арқау еткен? **Мәселен, Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» («Көшпенділер» баспасы, Алматы, 2004) кітабының 452-бетінде:**

«Тәтіқара жырау екі көзі оттай жайнап, термеге қайта басты.

Жуан қарны іркілдеп,
Қытай қашып келеді.
Әзірейілдей зіркілдеп,

Жабай қуып береді...», – деген жолдар бар. Тәтіқараның бұл өлеңіндегі Жабай – Ұлы Жүздің қолын бастап жүрген батыр. Ал, Әлібек Ғалеевтің кітабында Тәтіқара айтатын Жабай – Орта Жүзден, оның ішінде Ашамайлы керейден шыққан батыр.

Ал енді 2015 жылы 7 наурызда ғаламторда жарияланған Еркебай Бүрлібаевтың «Жабай – Тоқсаба әулие» деген мақаласын қарастырайық. **Автор Тәтіқара жыраудың:** «Бөкейді айт, Садырменен Дулаттағы» атты өлеңін тілге тиек етіп, былайша ой түйеді. «Осындағы Еменалы Жабайды да кейбір басылымдарда Керейге жатқызып жүргені байқалады. Ал Керейлер шежіресінде Еменалы батыр әулеттерінің таралуы көрсетіліп отыратыны рас. Ал осы Керейлер шежіресінде Жабай батырдың әулеттері көрсетілген емес. Шежіреде Жабай жөнінен үнсіздік байқалынады. Енді оқырманға түсінікті болуы үшін сол 1757 жылы көктемдегі соғыс барысын жырлаған Тәтіқара жыраудың жырына тағы да сөз берейік:

Жуан қарын іркілдеп,
Қытай қашып келеді.
Әзірейілдей зіркілдеп,
Жабай қуып береді.
О заманда, бұ заман,
Мұндай қызық кім көрген?
Сан бәйгеден жүлде алған,
Шабысы соққан желмен тең.
Аты шулы Кертөбел, –

дейді. Осы жырда кертөбел мінген Жабай батырды енді соғыс алаңында көріп отырмыз. Сіргелі – Батырлардан тарайтын Жабай баба мінді делінетін кертөбел арғымақтардың тұқымы немересі Бекмұраттың тұсында да, одан кейін Жабай әулеттерінің мақтанышы болғаны жоғарыда айтылады.

Қытай-қазақ соғысы 1757 жылы көктемде қытай генералы Фудемен болғаны тарихта бар. Кезінде Қазыбек бек Тауасарұлы жазып қалдырғандай 1135 сиыр жылы (хиджа жыл санауы) көк шығып гүлдеген тұста ұрыс Тарбағатай, Алакөл төңірегінде өтеді. Екі айға созылған соғыста қытайлар көп адамынан айрылады, – дейді. Сіргелі Жабай батыр 1757 жылы осы соғыста оңтүстіктен неғып жүр деген сұрақ өзінен-өзі туындауы да заңды болар», – деп, ешкім таласа алмайтындай ой түйеді.

Міне, І.Есенберлиннің «Көшпенділер» кітабындағы Жабай батырдың Ашамайлы керей емес, сіргелі руынан шыққанын Еркебай Бүрлібаев ашық айтып отыр. Алғашында «Көшпенділердегі» Жабайға мен де жабысып, өзімді ғана емес, басқаларды да шатастырдым. Қолымдағы, миымдағы деректерді сараламаған кінәмді мойындаймын.

Абақ керей көнсадақ руынан шыққан Жабай батыр 1680 жылы дүниеге келіп, 1748 жылы дүниеден өткен деп жазылады шежіреде. Ал, «Ұлттық энциклопедияда» (Алматы, 2001 жыл, 3-том, 461-бет) Ашамайлы керей Жабайдың, шамамен, 1697 жыл мен 1770 жылдар аралығында өмір сүргені жазылған (бұл дерек М.Мағауинның «Алдаспан», Н.Әбуталиевтің «Серіз сері», «Ордабасы Қожаберген» кітаптарынан алынған). Еркебай Бүрлібаев сіргелі Жабай жөнінде жоғарыда аталған мақаласында:

«...1757 жылы қытай-қазақ соғысында ұлы жүз әскерінің тізгіні алпысты алқымдаған Қойкелді батырдың қолында болса, 1758 жылы Қоқан басқыншыларына қарсы Ұлы жүз жасағының тізгінін Дулат батырлары Бөкей, Садырға, Сіргелі Жабай батырға Абылай ханның ұстатуы да әбден мүмкін ғой. Осы соғыста Жабай баба орда бұзар отызда, ел ағасы жаста екенін ескерсек, оның әулеттері Ақылбек пен Аппазбектер айтып отыратын біздің бабамыз Сіргеліні басқарған, қолында мөрі болған екен деуі де шындыққа жақындай түседі», – деп жазыпты. Осы деректі басшылыққа алсақ, **Сіргелі Жабай 1727 жылы дүниеге келген** боп шығады. Қытай мен қазақ, қазақтар мен қоқандықтардың соғысына көнсадақ Жабай батырдың қатысуы еш мүмкін емес. Жоғарыда келтірілген деректерді басшылыққа алсақ, ол 1757-1758 жылдардағы соғысқа дейін қайтыс болған. Ал, Ашамайлы керей Жабай батыр сол соғыс кезінде 60 жас шамасында. Аталған соғысқа қатысуы әбден мүмкін. Бірақ, түркілердің, бұрынғы қазақтардың әскери дәстүрін ескерсек, Ұлы жүз әскерлері қосынының тізгінін Абылай хан Орта жүзден шыққан Ашамайлы керей Жабайға ұстата ма? Әрине, Қаракерей Қабанбайдың, Қанжығалы Бөгенбайдың, Уақ Баян батырдың қазақтың жалпақ даласының кез-келген жерінде жаумен жағаласып жүргенін тарихи әдебиеттерден жақсы білеміз. Бірақ, Қабанбай наймандарды, Бөгенбай арғындарды, Баян уақ пен керейлерді, Райымбек батыр албандарды бастап, үш жүздің де жерін, яғни, қазақ жерін қорғады емес пе?! Дегенмен, Әлібек Ғалеевтің «Өмір арнасы – ұрпақ жалғасы» деген шежірелік кітабында Тәтіқара жыраудың өлеңін Ашамайлы керей Жабай батырға телуі қисынға келіңкіремейді. **Ілияс Есенберлин де «Көшпенділер» кітабында:** «...Хан кеңесі Бөкей, Сағыр, Жабай басқарған Ұлы жүздің қолдары Қоқан әскерін Бадам мен Арыс өзендерінің бойында қарсы алсын деп шешті» (сонда, 474-бет). Қазақ әдебиеті тарихының білгірі, қазақтың тұңғыш тарихи романдарының негізін қалаушы І.Есенберлиннің өзі «Көшпенділер» трилогиясындағы Жабайдың Ұлы жүздің қолын бастаған батырлардың бірі болғанын айтып кеткен. **Тіпті, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған «Ай, заман-ай, заман-ай...» кітабының 375-бетіндегі Тәтіқара ақын жөніндегі түсініктемесінде:** «Қамыстың басы майда, түбі сайда...» – Жыр 1756 жылы Қытай боғдыханының әскерлерімен қақтығыс кезінде туған. Қостанай облысы, Урицкий ауданының тұрғыны Қажиахмет Дәулетұлынан ақын Мәрия Хакімжанова жазып алып, Қазақ ССР Ғылым академиясына өткізген. Бөгембай туралы айтылатын жолы қысқартылып, «Әдебиет және искусство» журналында (1946, №7-8) басылды. Толық жариялануы «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты кітапта, (А., 1967)», – деп жазылады.

«Ойлай берсең ой көп, сөйлей берсең сөз көп» деген екен бұрындар бір данышпан. Қаза берсе, батыр Жабайлар жөніндегі және соған бастайтын, әрі, соны меңзейтін дерек таусылар емес. Жабайларды шатастырмас үшін шежірешілерге, тарихшылар мен әдебиетшілерге, былайғы жұртқа ой салу үшін осы да жеткілікті деп ойладым.

Асқар СӘБИТОВ,
ақын, жазушы, жабайтанушы.

АЛИХАН БОКЕЙХАНОВ – ЛИДЕР ДВИЖЕНИЯ АЛАШ

Роза БЕЙСЕМБИНА,
к.и.н., доцент кафедры истории Казахстана и социально-
гуманитарных дисциплин КазНМУ им. С.Асфендиярова
Ғайнижамал РСАЛДИНА,
кандидат исторических наук,
доцент КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова

Уникальной личностью в казахской культуре начала XX в. является Алихан Букейханов. Духовный лидер казахов получил высшее образование в Петербургском лесном институте (1890-1894 гг.), в эти же годы экстерном закончил юридический факультет Петербургского университета. Он больше известен как общественный и государственный деятель, депутат 1-й государственной Думы России от партии кадетов, как организатор первой казахской политической партии, глава казахского национального правительства «Алаш-Орда».

Алихан Букейханов был родом из чингизидов-торе, потомок хана среднего жуза Букея. Его внешность соответствовала его высокому происхождению. Вот как описывает его портрет Мария Муканова, супруга С.Муканова: «*Букейханов оказался привлекательным человеком. Внешний вид его мне показался царственным. Высокомерный, с непонижаемым взглядом*».

А.Букейханов родился 5 марта 1866 года в Каркаралинском уезде Семипалатинской области в семье султана среднего жуза Нурмухаммеда Букейханова. Эта дата была названа самим Букейхановым на допросе в Москве в 1937 году.

В сентябре 1879 г. по июнь 1886 г. он учился в казахской мужской школе и трехклассном городском училище г. Каркаралинска. В документах он записан как султан Алихан Нурмухаммедов. В роду Букейхановых сохранился рассказ о том, как решилась дальнейшая судьба Алихана после окончания учебы в Каркаралинске. Однажды в училище прибыл сам генерал-губернатор Степного Края, желая проверить учеников на сообразительность, он задал вопрос, сколько оборотов сделало колесо его тарантаса, за столько-то верст. Первым ответил Алихан. Он назвал совершенно вымышленную цифру, ведь проверять бы все равно никто не стал. Губернатор посмеялся, но находчивостью мальчика остался доволен и рекомендовал его для дальнейшей учебы. Уже летом 1886 года киргизский мальчик, султан Алихан Нурмухаммедов прибыл в Омск и был зачислен в местное техническое училище.

В 1890 году Букейханов поступил в Санкт-Петербургский лесотехнический институт. Директор Омского технического училища ходатайствовал перед Каркаралинским уездным начальником о выдаче ему стипендии «*ибо поступление его желательно ввиду, весьма отличных его успехов и безупречного поведения*». Тогда же Алихан поменял фамилию Нурмухаммедова на Букейханова.

Деятельность его была многообразна: как ученый он был участником научных экспедиций, автором ряда научных исследований по лесоводству, экономике, истории, этнографии, фольклористике. Его можно назвать первым абаеведом-биографом,

исследователем творчества Абая. А.Букейханов отредактировал первый сборник стихов и назиданий Абая, изданный в 1909 г. в Санкт-Петербурге. Он переводит на казахский язык и широко пропагандирует произведения Льва Толстого, Чехова, Короленко, знакомит русскую общественность с казахским фольклором. Принял участие в экспедиции экономиста-статистика Ф.А.Щербины по исследованию экономических сторон быта, уклада жизни казахов, что открыло ему глаза на бесправие, нищету своего народа в условиях колониального гнета.

А.Букейханов активно занимался литературно-журналистской деятельностью. Являясь профессиональным ученым-лесоводом и юристом, в Анкете арестанта в графе «род занятия» он указал – журналист. В общей сложности им были опубликованы более тысяч статей. В газете «Иртыш» найдены – 40 статей под тем же псевдонимом. Эти статьи в 1930 году были опубликованы во французской газете «Фигаро». Его можно по праву считать первым профессиональным журналистом и основателем казахской публицистики.

В период после падения самодержавия лидеры Алаш стали широко пропагандировать идеи свободы и единения казахского народа во имя идеалов будущего и восстановления своей государственности. В газете «Казак» они разъясняли принципы государственного управления, приемлемые для казахов.

Наряду с общими проблемами, стоявшими перед казахским народом в этот переходный период времени на съездах все настойчивее звучала мысль о необходимости создания самостоятельной национальной партии.

Являясь членом партии кадетов, Букейханов еще в 1905 году предпринял попытку создать филиал партии «Народная свобода», но она закончилась неудачей. Ядром политической доктрины партии кадетов была идея государственности, единства Российской империи. Будучи членом ЦК партии, А.Букейханов осознавал политическую сущность, что и сказалось в его последующих действиях. Видимо не случайным было его членство в масонской ложе, главная цель которой заключалась в свержении царизма. «*Некоторые ее члены рассматривали будущее Российской империи, особенно накануне Февральской революции, в ее федеративном устройстве, по образу Северной Америки, субъектом которой служили штаты, соединенные между собой единой конституцией, но сохранившие при этом все признаки автономии*». Данная позиция вполне отвечала политическим интересам казахской интеллигенции.

Высоко эрудированный гуманист, он уже в начале XX века признается казахской интеллигенцией как лидер нации. Авторитет А.Букейханова был настолько велик, что находясь в тюрьме

Павлодара за выступление на съезде земских и городских деятелей в Москве в 1905 г. с требованиями равных прав для 5 млн. казахов, он был избран депутатом в первую Государственную Думу казахами Семипалатинской области. Алихан Букейханов приветствовал победу февральской революции, был комиссаром Временного правительства от Тургайской области. В декабре 1917 года на Всеказахском съезде в Оренбурге был избран руководителем партии «Алаш» и возглавил Алашординское правительство.

Создание Казахской автономии и, таким образом, возникновение Казахского демократического государства в рамках России было действительно крупным историческим событием в жизни казахского народа, попыткой восстановления государственности, утраченной вследствие колониальной зависимости. Внук А.Букейханова Срым Букейханов вспоминает: *«...Вся его жизнь была сконцентрирована на создании автономного государства, в котором все народы будут равны, а казахов наконец-то перестанут ущемлять в праве на развитие своей культуры, языка и традиций. Алихан был настолько многообразен, что я считаю его равным деятелем эпохи Ренессанса».*

Однако недолгой была жизнь этой автономии, не признавшей легитимности большевиков. В поисках признания и гаранта национальной автономии «Алаш», она пыталась найти понимание в лагере антисоветских сил, в частности у Дутова. Однако казачий атаман был ярым сторонником «единой и неделимой России». Более откровенным был адмирал Колчак, который на просьбу Алаш-Орды о налаживании военного сотрудничества ответил: *«... в борьбе против большевизма русские не нуждаются в поддержке киргиз-инородцев».*

От сотрудничества с лидерами белого движения руководство партии попыталось перейти к диалогу с советским правительством. Однако программные установки «Алаш» не встретили понимания у большевистских лидеров. Они мыслили решение вопросов национально-государственного строительства исключительно в пределах советской империи. Необходимость достижения компромисса между различными слоями общества вынудила лидеров большевизма обратиться к национальной интеллигенции. **И.Сталин отмечал:** *«было бы неразумно, вредно для дела отталкивать от себя ... малочисленные группы местных интеллигентов».* В 1920 году председатель Кирбюро РКП (б) Юдовский выдвинул лозунг *«Равняйтесь на киргизскую интеллигенцию!».*

В этой связи считаем уместным привести воспоминания В.Н.Соколова, представителя Сибревкома из книги академика С.Б.Бейсембаева «Ленин и Казахстан». (Алма-Ата. 1968). Так, на повестке одного из заседаний стоял вопрос о возвращении Акмолинской и Семипалатинской областей Казахстану, на которые претендовал Сибревком. Обращаясь к представителям Казахстана, среди них был Галим Тажибаев, Ленин спросил: *«Что хуже – казаки над вами или вы над казаками?»* Тажибаев ответил – *«Оба плохая. Зачем «над», зачем «под»... Вместе надо».*

Довольный В.И.Ленин, взглянув на представителя Сибири Н. Николаева, отметил: *«Учиться надо, правда? Учиться управлять ... и уживаться с*

друзьями». Комментарии, как говорится, излишни.

А.Букейханов в 1919-1920 гг. во главе делегатов ездил в Москву и лично встречался с Ульяновым-Лениным. В 1920-1921 гг. работал одним из руководителей Наркомзема. В 1921 году после смерти супруги Елены Яковлевны добровольно отстранился от активной деятельности и уехал в родные края в Токрынскую волость.

Но его нахождение в Казахстане было нежелательным и опасным для советской власти. Руководители Центра решили проявить заботу о здоровье пожилого человека и отозвать его в Москву. В конце 1921 г. он был арестован и под конвоем доставлен в столицу, где его ждала персональная квартира, в бывшем доме графа Шереметьева, в центре Москвы. Под этим благовидным предлогом Советы скрывали свою основную цель – изолировать его от народа и держать опытного политического деятеля под контролем. В Москве он работал литературным сотрудником, ему была предложена должность профессора в Ленинградском университете. Впервые им были проведены антропологические работы относительно местного населения. По итогам работы экспедиции им был опубликован научный очерк *«Казахи. Антропологическое исследование»* (Вып. 15. Ленинград, 1926).

Несмотря на амнистию, объявленную участникам движения «Алаш» в первые годы советской власти, невзирая на то, что в дальнейшем никто из них никакой политической деятельностью не занимался, спустя много лет была учинена расправа над выдающимися представителями национальной интеллигенции. Одним из пунктов обвинения были то, что они «являются японскими шпионами». Обвинения в шпионаже в пользу Японии имели свои (косвенные) основания.

Основатель «Алаша» мечтал превратить казахскую степь во вторую Японию. Х.Досмухамедов писал: *«Когда подумаешь, что кроме тебя десятки и сотни казахов получают высшее образование, то приходишь к мысли, что этот народ способен к труду и прогрессу, что он может быть, когда-нибудь займет в мировом господстве одно из почетных мест, что он может сделаться второй Японией».*

В 1937 году Алихан Букейханов был арестован. «Японофил» – одно из обвинений, на основании которых лидер «Алаш» 27.09.1937 года был приговорен к расстрелу.

ЛИТЕРАТУРА

1. **Аккулы С.А.** Букейханов и русское масонство. – Простор. 1994. № 3.
2. **Аманжолова Д.А.** - Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. М.: 1994.
3. **Бисембаев С.** – Ленин и Казахстан. – Алма-Ата. 1968.
4. **Григорьев В.К.** Алаш-Орда – Заря. – 1990. - № 1-2.
5. **Козыбаев М.К.** - Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Алматы. 2000.
6. **Койгельдиев М.** Движение Алаш. - Алматы. 1995.
7. **Нурмагамбетова Р.К.** – Движение Алаш и Алаш-Орда. Историография проблемы 1920-1990-е годы XX в. - Алматы. 2003.
8. **Нурпейсов К.Н.** -Алаш һәм Алашорда. - Алматы. 1995.
9. Central Asia monitor. - 2012. Июнь 22.
10. Казахи в Российской Думе начала XX века. – Приуралье. 2006. Сентябрь.

ХАЛҚЫ ҮШІН ТӨГІЛГЕН ТЕР

Досалы САЛҚЫНБЕК,
ҚазҰАУ-дың кафедра меңгерушісі,
тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Биыл көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, әдебиет зерттеушісі, сыншы Ыдырыс Мұстамбайұлының дүниеге келгеніне 120 жыл толды. Ол 1898 жылы қараша айында Семей қаласында дүниеге келді. Әкесі Мұстамбай Жауғашов Семей уезіне қарасты Қандығұтай болысы Сыбан руының қазағы болатын. Жастайынан жетім қалып, жалшы болып жүрген Мұстамбай Семейдің атақты көпесі Тінібайдың саудагерлеріне жалданып, олардың елден жинаған малдарын айдасып, Семей қаласына келеді. Жұмысқа мықты, тілалғыш Мұстамбай Тінібай байдың саудагерлеріне жағымды малайдың біріне айналып, бірнеше жыл қора тазалайтын жұмысшы болып еңбек етеді. Тінібайдың дәулеті шайқалған соң, одан шығып, Семейде параходтан жүк түсіруші, қайық айдаушы, Алексеевтың жүн жуатын заводында жұмысшы сияқты әр түрлі ауыр бейнетпен тіршілік етеді. Күші азайып, жасы ұлғайған шағында етікші болып еңбек етіп, Семейдің негізгі жатақтарының бірі болды.

Жастайынан қағілез, оқуға зерек болып өскен Ыдырысты әкесі Тінібай мешітіндегі медресеге оқуға берген. Оқуға деген ынтасы зор Ыдырыс одан соң Семейдегі екі сыныптық орыс-қазақ училищесін өте жақсы бітіреді. Ол жалпы әлемді қамтыған бірінші дүние жүзілік соғыстың жүріп жатқан кезі болатын. Ресей империясының бұл соғысқа қатысуы қазақ елі сияқты отар елдерге үлкен ауыртпалық әкелді. Қазақтың ұлт-азаттық күресі және өз жанұясының басындағы ауыр тұрмыстық жағдай жас Ыдырысты ерте есейтіп, жұмысқа араластырды. 1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы мен Қазан социалистік төңкерісі кезінде ол Семейдегі почта-байланыс қызметкері болатын.

Жастайынан кедейшіліктің тауқыметін көп көрген Ы.Мұстамбайұлына ел арасындағы большевиктік үгіт-насихаттың недәуір әсері болды. 1917 жылдың аяғында Семей қаласында кеңес өкіметі орнағаннан кейін, ол почта-телеграф қызметкерлері атынан Семей кеңестік депутаттығына ұсынылады. Ал 1918 жылдың сәуір айында Алаш аудандық (Семей қаласының жаңа Семей-Заречная слободка бөлігін Алаш қайраткерлері «Алаш қаласы» деп атаған) депутаттар кеңесі төрағасының орынбасары және Семей уездік депутаттар кеңесінің төралқа мүшелігіне сайланады.

Осы жылдары кеңестік негіздегі Қазақ автономиясын құруға дайындық жұмыстары жүріп жатты. Осыған орай партия мен кеңестік ұйымдардың жұмысын қандай бағытта жүргізу қажет, өкіметтің басқару органына қай әлеуметтік топ жетекшілік жасайды, ұлттық мүддені қалай қорғаймыз деген сынды өзекті сұрақтар ұлт жанашырлары ойлантпай қоймады. Ресей империясы кезіндегі жан-жаққа бөлшектеніп кеткен байырғы қазақ жерлерін біріктіру сынды қасиетті де, қажырлы жұмыстар да ұлт жанашырлары тарапынан атқарылып жатқан

еді. Қазақ автономиясының шекарасын анықтап, Қазақстан кеңестерінің құрылтай съезіне ұсыну, көптеген кедергілерімен, әсіресе, ұлы орыстық шовинизммен күрес түрінде жүрді.

Қазақ кеңестік автономиясын құру туралы декрет шығып, оның территориясы белгіленіп, кеңестік басшылық органдары сайланғанымен, Ақмола мен Семей губерниялары Қазақстанға бірден берілмеді. Ұлы орыстық шовинизммен уланған Сібір ревкомының басшылары бұл жерлердің Қазақстанға қосылуын тежеп бақты. Бұл кезде Семей губерниясының басшылығында отырған өзге ұлттың өкілдері де Ресейге қарай бұра тартты. Осындай қиын жағдайда қазақтың ұлтжанды қайраткерлері аймақтың Қазақстанға қайтарылуы жолында көп күш-қайрат жасады. Мәселен, Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төтенше өкілі Сымағұл Сәдуақасов Семейге келгенде бірыңғай орыстардан тұратын губерниялық атқару комитетін таратып, жаңадан Ыдырыс Мұстамбайұлы, Нығмет Нұрмақұлы, Мұхтар Әуезов сынды қазақ қызметкерлерімен толықтырылған губревком құрып, Семей губерниясын бөлшектемей, Қазақстанға қосуға қол жеткізеді.

Ыдырыс Мұстамбайұлының қайраткерлік жолының екінші бір қыры заңдық қадағалаушы прокуратура саласының негізін қалауда айқын көрінді. Жаңадан құрылған республикада заңгерлердің тапшылығына байланысты, өзін партиялық және кеңестік жұмыстарда көрсете білген сауатты және жауапты қызметкерлерді прокурорлық жұмыстарға тарту барысында **1922 жылы Ыдырыс Мұстамбайұлы Орал губерниясының прокуроры болып тағайындалады.** Жаңа үкімет өзінің заңдық билігін енді орнатып, қадағалаушы заңдық органдардың жұмысын енді қарқын алып келе жатқан аймақта қашанда алғашқы істі бастау, ұйымдастыру қиынның-қиыны екені белгілі жағдай. Заңгерлік білімі жоқ Ыдырыс Мұстамбайұлы үшін бұған дейін губерниядағы әртүрлі жауапты қызметтерді атқару барысында Орал қаласындағы белгілі заңгерлер Бақытжан Қаратаев пен оның інісі Арон Қаратаевпен жақсы таныс, аралас-құралас болуы көп көмегін тигізді. Ол ағайынды заңгерлерден өзіне қажетті ақыл-кеңестер ала отырып, өзінің заң саласындағы білімін шыңдай түсті. Бұл ұлтжанды қайраткерлерді ұлт мүддесі жолындағы асыл армандар мен идеялық мүдделестік тез табыстырған болатын.

Ы.Мұстамбайұлы губерния прокуроры міндетіне кіріскеннен кейін бірінші кезекте прокурорлық қадағалаушы орган қызметіне жергілікті ұлттың өкілдерін көптеп тартуды қолға алды. Қандай да жауапты қызметтерді тапсырмасын, бел шеше кірісетін жас қысқа мерзім ішінде губерниядағы прокуратура органын аяғынан тік тұрғызып, қадағалау қызметін ұйымдастырады. Ыдырыс Мұстамбайұлын айыптау науқаны ұйымдастырылғанда Оралда бірге қызметтес болғандар

оның дәреже деңгейін мойындауға мәжбүр болады. **Айталық Орал губаткомының мүшесі Забиров Голощекинге «уклондар» туралы жазған хатында Оралдағы Қазақ коммунистері екіге бөлінді «правые националисты уклоном и левые с интернационалистическим оттенком. 1-группе Каратилеуов, Мустамбаев, Джантилеуов, Утеулиев, 2-группе Айтиев, Косабулатов, Абдрахманов, Итмагамбетов. Я считал и считаю, что эти товарищи (Мустамбаев, Каратилеуов, Джантилеуов и др.) как коммунисты ни в коем случае не хуже других, а наоборот по своей прямоте, искренности они лучше»,**— деп ашық жазады [1].

Мұстамбайұлы 1924 жылы Ақмола губерниясының прокурорлығына ауыстырылғаннан кейін де губерниядағы заңдық қадағалаушы органның аяғынан тұрып кетуіне бар күш-жігерін салды. Бұл қызметтерде ол өзінің турашыл, қайтпас, қайсар мінезін танытып, халық арасында кеңінен танымал болды. Губернияның прокуроры қызметін атқара жүріп, губернияның әлеуметтік-экономикалық жағдайын да назардан тыс қалдырмады. Ол өзінің тиісті органдардан алынған нақты мәліметтер арқылы жоғарғы жаққа жолданған есепті баяндамаларында губернияның тұрмыстық және экономикалық жағдайының мүшкіл халін бүкпесіз талдап жазады. Ыдырыс Мұстамбайұлының есепті баяндамаларындағы ерекше назар аударатын жағдайлардың бірі — губерниядағы көшпелі қазақтың аштыққа ұшырауы жөніндегі хабарламасы және оны алдағы уақытта болдырмау жөнінде айтқан ұсыныс-пікірлері. Ол Ақмола губерниясындағы қазақ халқының аштыққа ұшырау себептеріне терең үңілу керектігіне баса назар аударып, оның негізгі себептері біреулер айтып жүргендей астықтың болмауынан ғана емес, біздің шаруашылық дамуымызда қалыптасып отырған қарама-қайшылықта дей келе: *«Биылғы жылы Ақмола уезінде мен көріп отырған аштық, басқа да түрде және қайта-қайта қайталанып отыратынына сенімдімін»* деумен қатар, осындай жағдайлар қайта болмас үшін, мал шаруашылығын ғылыми негізде ұйымдастыруды біртіндеп қазақ тұрғындарын мемлекеттік қаржыдан отырықшылыққа көшіру жөніндегі шараларды қолға алуға ұсыныс жасайды [2].

1924-1925 жылдар қазақ жерлерін біріктірудің аяқталуымен және Қазақ автономиясының орталығын Ақмешітке көшіруімен айшықтала түскені белгілі. Осындай қыруар шаруалардың қызған шағында 1925 жылы 18 сәуір күні болған Қазақ аймақтық РК (Б) П-ның алқа мәжілісінің шешімі бойынша Ақмола губерниясының прокуроры Ы.Мұстамбайұлы Сырдария губерниялық атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Бұл кезең шын мәнісінде Ы.Мұстамбайұлы үшін өте бір жауапты кезеңнің бірі болған еді. Бар болғаны 27 жасында Астаналық губернияның атқару комитетін басқару енді ғана Астаналық статуска ие болған қаланың әлеуметтік-экономикалық және мәдени қызметін жандандыру ісі және Сырдария облысының Түркістан автономиясынан бөлінгеннен кейінгі Қазақ автономиясының құрамына орнықтыру мәселелері оған оңай болмады. Дегенмен де, қысқа мерзім ішінде Ы.Мұстамбайұлы Қызылорда қаласы астанаға айланып барлық басшылық органдары көшіп келіп, орналасып болғаннан кейін қаржы тапшылығына қарамастан губернияның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуда және территориялық қайта құрылымдар жасауда бар күш жігерін жұмсап, біршама жұмыстарды атқарды.

Ыдырыс Ыстамбайұлы өз өмірінің жарқын белестерінің бір кезеңі болып табылатын Сырдария губаткомының төрағасы қызметінде бір жылдан сәл аса ғана мерзімде еңбек етті. Бұл жылдары жалпы Қазақстан аймағында билік үшін өзара талас-тартыс, бірін-бірі жікшілдікпен ұлтшылдықпен айыптау «науқаны», күресі қызып тұрған кез еді. Оның үстіне Сырдария губерниясының астаналық губерния болуы, Ы.Мұстамбайұлы сынды қайраткерді осы қызу таластың, саяси күрестің бел ортасынан бірақ шығарды. Осы саяси күрестің ортасында жүрген Ыдырыс Мұстамбайұлы губаткомның төрағасы қызметінде ең бірінші кезекке ұлт мүддесін қойды. Өз ұлтының мүддесі үшін күресті. Осынау қасиетті күресті атқарып жүрген қайраткердің қызметтік жолы халқымыз «қужақ» атаған Ф.Голощекинмен түйіскен еді. Қайраткердің кеңестік құрылысты жүргізу барысындағы ұлт мүддесін көздеген батыл ойлары мен қадамдары Голощекинге ұнамағаны белгілі. Сондықтан ол губатком төрағасы Ыдырыс Мұстамбайұлының іс-әрекетінен кінәрат табуға тырысты. Оның арты ашық түрдегі саяси күреске ұласты. **1926 жылы 17 қарашада болған БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бюро мәжілісінде Ыдырыс Мұстамбайұлының жұмысы жөнінде мәселе қаралып: «Жолдас Мұстамбаевты Сырдария губерниясынан кері шақырып алу. Оны пайдалану жөніндегі мәселені, ол келгеннен кейін шешу. Сырдария губерниясы атқару комитетінің төрағасы қызметіне жолдас Жанайдар Сәдуақасовты ұсыну»** жөнінде қаулы қабылданады [3]. Сондай-ақ, 1926 жылы қараша айында Қазақ өлкелік партия комитеті мен өлкелік бақылау комиссиясының біріккен пленумында «Ішкі саяси жағдай туралы» деген тақырыпта баяндама жасаған Ф.Голощекин Қазақстандық партия ұйымында қалыптасып отырған «жікшілдікті» сынаған болып, өзінің қарсыластары қазақтың ұлтжанды қайраткерлері С.Қожанов, Ж.Мыңбаев, С.Сәдуақасовтарға қарсы бар «кінәні» аударып, Қазақстандағы кеңестік құрылыстың ілгері дамуына барынша кедергі келтіріп отырған «жікшілдердің көсемі» етіп көрсетуге барынша күш салды. **Топшылдықтың жетекшісі ретінде, европалықтарға қарсы жалауды бетперде етіп, билікке қарсы шығып отыр деп С.Сәдуақасовты айыптаған Голощекин: «Міне, тағы бір көсем, бірақ, өлкелік емес, губерниялық жолдас Мұстамбаев, 5-ші конференциядан кейін, ол курортқа кетіп, өзінің бір қазақ жолдасына: «Барлық уақытта жолдас Голощекинге сенуге болмайды, Ежовтың қолымен Қазақстанда коммунизм орната алмайсың»,— деп жазады деген сөзін келтіріп, Ыдырыс Мұстамбайұлын сын тезіне алған болатын.** Бұл әдеттегі Голощекиннің көп көпірме сөздерінің бірі еді. Ал, *«Голощекинге сенуге болмайды, Ежовтың қолымен Қазақстанда коммунизм орната алмайсың»* деген Ыдырыс Мұстамбайұлының сөзінің көрегендік пен үлкен әлеуметтік-саяси мәні бар шындық болғанын, бұдан кейінгі жылдары Қазақстанда болған тарихи оқиғалардананық байқауымызға болады. Оның Голощекин мен Ежов сияқтыларға берген сипаттамасы сол кездің өзінде-ақ Қазақстанды және бүкіл Кеңестер одағы қамтыған аласапыран қуғын-сүргін жазалау науқандарын алдын-ала болжағандай ойға қалдырады. Міне осы кезден бастап, Ыдырыс Мұстамбайұлы Голощекин тарапынан Сәдуақасовшылдықтың «губерниялық деңгейдегі» жақтасы, қолдаушысы тұрғысынан қараланып, ашық түрде қуғынға түсті.

Кеңестік құрылыстың 20-30 жылдарындағы пар-

тиялық және кеңестік ұйымдарда қызмет атқарған қазақ қайраткерлерінің ішінде Ы.Мұстамбайұлы сол кездің өзінде-ақ Голощекиннің Қазақстанда жеке билігін орнатып, ешкімнің пікірімен санаспастан диктаторлық билік жүргізіп отырғанын батыл айта білген еді. Ол өзіне тағылған орынсыз айыптаулар мен қуғындаудан, баспасөз бетінде ұйымдастырылған кір-қоқыс жалалардан тайсалмастан бақылау комиссиясының төрағасы Титовтың сұрақтарына берген жауабында: *«Егер сіз өлкеком бюросы 7-8 адамнан тұрады десеңіз, мен түсінем, алайда, бұл арифметикалық сандар ғана, ал бүкіл өлкекомды жалғыз Голощекин басқарып отыр»*, деп оның шынайы бет пердесін айқын ашып береді [4].

Ы.Мұстамбайұлының саяси қайраткерлік жолын қысқаша тұжырымдасақ, ол өз халқының дәстүрлі шаруашылығын жетік білген. Сондықтан әу бастан-ақ қатерлі ауылшаруашылығын ұйымдастыру деген «эксперименттік» тәжірибелерге, Қазақстандағы Голощекиндік өлкелік партия комитетінің қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандыруды жүргізу саясатына, партия және кеңестік ұжымдардағы жергіліктендіруді жүргізудің мардымсыздығына, бай шаруашылықтарын жаппай төркілеуді жүргізуге, ұлт-аралық қатынастың дұрыс жүргізілмей, қазақ халқының ұлттық мүддесінің тапталуына қарсы болды. Өзіне бірнеше рет сөгіс беріп, сыныққа сылтау іздеген себептермен партия қатарынан шығарылып, онды-солды айыптауларға қарамастан, партиялық тазалау кезіндегі жауаптарында «бұрынғы қателіктерім, адасуларым» деп кейбір саяси көзқарастарын жұмсартып айтқанымен де қазақ халқының саяси-экономикалық өміріндегі ең маңызды және өзекті мәселелер *«Қазақстандағы партиялық басшылық, жеріліктендіруді жүргізу, жер мәселесін жүргізуде күдігім бар»* деп, алған бетінен қайтпады. Өйткені, дәл осы өзекті мәселелер бойынша бей-берекетсіздік пен шовинистік саясат көрінісі айқын білініп тұрған болатын. Сондықтан ол өз көзқарасынан таймай және оны ашық айтып, тағы да халқы үшін, елі үшін басын бәйгеге тікті.

Ол қоғамдық-саяси жұмыстармен шектеліп қалмай, көркем әдебиет, әдеби-сын мәселесіне де батыл араласып, өзінің құнды пікірлерін ортаға салған әдебиет жанашыры болды. Мәселен, Абай мұраларын қорғап қалудағы сіңірген еңбегін ерекше айтқан жөн. **Абайтанушы ғалым, Абай мұражайында ғұмыр бойы еңбек еткен Төкен Ибрагим ағамыздың:** *«1922 жылы Абайды феодалдардың ұр тоқпағы деп мақала жазылған. Ол мақаланың авторының атын ұмытыппын. Есесіне оған қарсы жазылған мақаланың авторы есімде. Ол – Ыдырыс Мұстамбаев еді. Абайтануға әлі Әуезов келмеген уақытта, алашордашылардың басына күн туып, сөйлеуге шамалары болмай тұрған шақта Абайды қорғап қалған сол кісі болатын. Жалпы, Мұстамбаев үлкен тұлға...»*, – деген пікірі, қайраткердің әдеби мұрасына берілген шынайы баға деп есептейміз [5]. Қайраткер тұлға 20-жылдары өрістеген қазақ әдеби сынына белсене араласып, *«Ұлы ақын – Абай»*, *«Көркем әдебиет туралы»*, *«Біздің таластарымыз»*, *«Сын мен баспасөз туралы»*, *«Ақын Абай және пәлсапашыл Илияс туралы»*, *«Абай»*, *«Философия казахского поэта Абая и его критика»* сынды терең де мазмұнды мақалаларын қазақ және орыс тілдерінде «Қазақ тілі», «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттері мен «Жаңа әдебиет», «Қызыл Қазақстан» журналдарында жариялады.

Мұстамбайұлының бұл еңбектерінің дені пролетарлық әдебиетті жасаймыз деп, қазақ әдебие-

тінің бай мұрасын маңсұқтауға тырысқан-дарға, ұлы Абайдың атын өшіріп, тарихтан сызып тастауға білек сыбана кіріскендерге қарсы жазылды. Ол феодалдық таптың өкілін, ескілікті қорғап отыр деген таптық тар мағынадағы шолақ ойлы айыптаулардан қаймыққан жоқ. Терең мағыналы, шырайлы бай тілімен дәйекті түрде ұлы Абай мұраларын жоққа шығаруға тырысқандарға батыл тойтарыс берді.

Ы.Мұстамбайұлының М.Жұмабаевтың өлеңдері жөнінде жазған мақалалары үлкен ерлікке пара-пар. Өзі Голощекиндік қуғын-сүргінді басынан кешіріп, «топшыл, ұлтшыл, троцкишл» деген секілді қуғындаулармен сөгіс алып, партия қатарынан шығарылып жатқан қиын кезеңнің өзінде де тайсалмай, М.Жұмабаевтың бұған дейін жарияланып, әр түрлі жалалармен қатты сыналып жатқан «Тоқсанның тобы» атты өлеңі жөніндегі мақаласын 1929 жылы мамыр айында «Советская степь» газетінде «Джумабаев и «девяносто»» деген атаумен жариялайды. Көлемді, терең мағыналы талдаудан тұратын мақаласында Ыдырыс Мұстамбайұлы Мағжан ақын мұрасын жаладан арашалап, оған әділ баға береді. Алаш қайраткерлеріне араша түсудің арты саяси тұрғыдан қуғындауға, ұлы Абай мұраларын қорғаудың арты: **«өңі жасырылған Маркістік сын және ұлтшыл ақын Абай шығармаларын, Абай философиясын баспасөз бетінде насихаттау»** деген секілді айыптауларға ұласты [6].

Қазақ зиялыларын қуғындау 1937 жылдың зұлматынан әлде қайда ерте 1929 жылдың өзінде-ақ басталды. Осы жылдан бастап Алаш қайраткерлері топ-тобымен тұтқындалып, алды ату жазасына, арты ұзақ мерзімдерге сотталып жатты. Алаш қайраткерлерінің соңын ала оларға бүйрегі бұрған, қолынан келгенше қорғап қалуға тырысқан, олардың еңбектерін, тарихтағы орнын жоғары бағалаған ұлтжанды қайраткерлер де голощекиндік шолақ белсенділер тарапынан «ұлтшылдыққа», «топшылдыққа» ұрынып, партия жолынан ауытқыды деген секілді жалған жалалармен қуғындала бастады.

Ы.Мұстамбайұлы 1932 жылы шілдеде Семейдегі Қазақ геологиялық барлау институтының директоры болып тағайындалады. Бірақ бұл қайраткер тұлғаның жарқын өміріндегі соңғы қызметі болды. Ол 1933 жылы 17 қаңтар күні Мәскеуде өткелі жатқан жоғары оқу орындарының директорлар кеңесіне келгенде ОГПУ тарапынан тұтқындалады. Ол бір айдай Мәскеуде тергеліп, 1933 жылдың 18 ақпанында Алматыдағы ОГПУ-дың қарамағына жіберіледі. Қазақстандық ОГПУ-дың ерекше бөлімінде төрт айдай тергелгеннен кейінгі оған тағылған айып: **«Қазақстанда Кеңес үкіметін құлату және КСРО-дан бөлініп кету мақсатындағы жоғары оқу орындары мен қызыл армия бөлімдерімен байланысқан контрреволюциялық ұйымды және топты құрды»** болды. Ол «контрреволюциялық ұйымды құрды» деген жалған айыптауды мойындаған жоқ. Жеті айдай ОГПУ-дың абақтысында қамауда жатты. Заңды түрде сот процесі жүрмей-ақ, оның сыртынан үкім шығарылды. **1933 жылы шілде айында ол РКФСР қылмыстық кодексінің 58-ші бабының 2,11-тармақтары бойынша (революцияға қарсы қылмыстық іс-әрекеттер үшін) 5 жылға бас бостандығынан айрылды.**

20-жылдардың аяғы 30-жылдардың бас кезінде-ақ Қазақ жерінде басталған қуғын-сүргін зобалаңы 1937 жылы қайта жалғасты. Бұл жолғы қуғын-сүргіннің бет-әлпеті мен екпіні қатты болды. Әкімшіл-өміршіл тоталитарлық биліктің жан алғыш

машинасы ақ пен қараның ара жігін ажыратып жатпай-ақ атынан адам қорқатын «халық жауы» деген үрейлі пәлені ойлап тауып, халқымыздың бет қаймағына қырғидай тиді. Тіпті осыған дейін әртүрлі жалған айыптаулармен сотталып, жазасын өтеп жатқан қайраткерлердің істері қайта қаралып, тергеуге алынды. Осындай кер заманның жан-жақты қыспағына ұшырап, тар қапасына қамалып жатқан жерінен, жаза мерзімі бітпей жатып-ақ қайта алдырылып, тергеуге алынған қазақтың қайраткер тұлғаларының қатарында Ыдырыс Мұстамбайұлы да бар еді.

1937 жылы шілде айында қайта тергеуге алынған Ыдырыс Мұстамбайұлы өзіне таңылған жалған саяси айыптаулардың бірін де мойнына алған жоқ. Тергеушінің: «Сіз кеңестік билікке қарсы құрылған ұлттық ұйымның қызметіне белсенді атсалысқандығыңызды мойындайсыз ба?» деген сұрағына: «Маған тағылған кінәні мен мойныма ала алмаймын. Кеңестік билікке қарсы құрылған ұлтшылдар ұйымы туралы маған ештеме де белгілі емес және өзім ондай ұйымның мүшесі болған емеспін», – деп жауап береді [7]. **Ақыры ол 1937 жылы 16 қарашада Алматы облыстық ОГПУ үштігінің «Кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық-террорлық көтеріліске және тыңшылық-диверсиялық ұйымға белсене қатысқаны үшін» деген жалған қаулысымен ату жазасына кесілді.**

Ұлт мүддесіне қалтқысыз қызмет еткен Ы.Мұстамбайұлы 34 жасында түрмеге жабылды, одан кейін 5 жыл тұтқында болып, бар болғаны 39 жасында жазықсыз әкімшіл-әміршіл жүйенің қолынан қаза тапты.

Қайраткер тұлғаның биылғы мерейтойына орай, Семей қаласында қайраткердің ескерткіші орнатылса, Семей, Орал, Петропавл, Қызылорда қалаларында көше аттары берілсе, Алматы, Астана, Семей, Орал қалаларындағы мектептерге Ы.Мұстамбайұлының аты берілсе, Ы.Мұстамбайұлының 120 жылдығына орайластырылған республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылса, шығармалар жинағын шығару қолға алынса ардақты тұлғаның алдындағы тамшыдай да болса перзенттік парызымыздың бір бөлігін өтеген болар едік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР

1. ҚР ОММ. 5-қ, 20-т, 3-іс. 37-п.
2. ҚР ПМ. 141-қ, 1-т, 488-іс. 103-п.
3. ҚР ПМ. 811-қ, 20-т, 568-іс. 30-п.
4. ҚР ПМ. 811-қ, 20-т, 568-іс. 30-п.
5. **Ибрагим Т.** Абайдың екі суреті бар, ал Құнанбайдың суреті болған емес. Қазақ әдебиеті. 2014. 17 қаңтар.
6. ҚР ПМ. 141-қ, 1-т, 2958-іс. 2-п.
7. **Қойгелдиев М.** Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры. Зерттеулер. –Алматы: Жалын баспасы, 2004. Б.348.



ТАНЫСЫҢЫЗ: ЖАҢА КІТАП!

ӘЛИХАННЫҢ 15 ТОМДЫҒЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

2018 жылы 19 желтоқсанда ҚР Ұлттық кітапханасында Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұсынуымен шығарылған Әлихан Бөкейханның 15 томдық толық шығармаларының (Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2018. – Қазақша, орысша жинағы) және «Әлихан Бөкейхан» тұлғалық энциклопедиясының таныстырылымы өтті. Басқосуды Тарих және этнология институтының директоры З.Қабылдинов жүргізіп отырды. Кітап бумаларының лентасын қазақ тарихшыларының ақсақалы, т.ғ.д., проф. **Уахит Шалеканов**, академик **Мәмбет Қойгелдиев** бастаған бір топ қонақ кесті.



Ол көптомдықта алаш көсемінің әр жылдары қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген мақалалары, ғылыми зерттеулері, 1897-1901 жж. Қазақ облыстарын зерттеген «Щербина экспедициясының» материалдары, Л.Н.Толстой шығармаларынан аударған әңгімелері, өтініштері, хаттары және хаттамалары қамтылған.

15 томдық жинақта сондай-ақ Ә.Бөкейханның баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары, азаматсы (некролог), корреспонденциялар, жеделхаттар, сөйлеген сөздері, әдеби сын, фольклорлық зерттеу, ашық хаттары, саяси сатиралары, әңгімелері, фельетондары, Ә.Бөкейхан іздеп жариялаған архив құжаттары, монографиялары, хаттары, жазбалары, тарихи-анықтамалық очерктер, естелік, саяси шолу, үндеу, Мемлекеттік Думадан, Батыс майданнан жазған хаттары, Алашорданың, Бүкілресейлік уақытша үкіметтің заңнамалық қаулылары, бұйрықтары, хаттамалары, т.б. ресми құжаттар, Ресей уақытша өкіметінің комиссары ретінде шығарған бұйрықтары мен жеделхаттары, пікірлері, сонымен қатар мақалаларының ҚР Ұлттық кітапханасымен бірлесіп жасалған библиографиялық көрсеткіші бар.

«Әлихан Бөкейхан» тұлғалық энциклопедиясына Ә.Бөкейханның өмірбаяндық деректері, қайраткерлік қызметі, ғылыми, публицистикалық, аударма мұралары туралы мақалалар енгізілген. Кітапта Алаш қозғалысына қатысты мағлұматтар, Алаш қайраткерлерінің өмірбаяндары, сондай-ақ ғалым жөнінде жазылған еңбектер мен олардың авторлары туралы да мәліметтер берілді. Салтанатты шара қонақтарға арналған дастарханмен (кофе-брейк) жалғасты.

Редакция.

«ШОЛПАН» ЖУРНАЛЫНДАҒЫ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕСІ

Сейітқали ДҮЙСЕН,
Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері,
педагогика ғылымдарының кандидаты

XX ғасырдың басында қазақтың ұлт-азаттық қозғалысы тарихында демократия қағидаттарына негізделген өркениетті мемлекет құру идеясын көтерген Алаш қозғалысы қайраткерлері екені қазіргі отандық тарих ғылымында мойындалған ақиқатқа айналды.

Отарлық езгіде еңсесі түскен қазақ ұлтының санасын оятып, қоғамдық-саяси өмірге тартудың бір жолы – баспасөз арқылы қазақтың жүрегіне жол табуды ойлаған Алаш қайраткерлері Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістеріне дейін және осы революциялардан кейін «Қазақ», «Айқап», «Сарыарқа», «Абай», «Жас азамат», «Бірлік туы», «Шолпан», «Сана», «Таң» сияқты газет-журналдар шығарды. Осы басылымдардағы, әсіресе, Алаш қайраткерлерінің көсемсөздері сол кездегі қазақ ұлтының санасын оятқан, қазаққа жол сілтеуші, дұрыс бағыт-бағдар көрсетуші бағдарламалар сияқты болды.

Қазақ зиялыларының қазақ қоғамының саяси санасын оятып, белсенділігін көтеруге үміт артқан және өздері жұмысына қатысқан басылымның бірі «Шолпан» журналы болды. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында «Шолпан» Түркістан АКСР-і Орталық Атқару Комитетінің білім, әдебиет, шаруашылық, саяси журналы екені айтылған. Тұңғыш саны 1922 жылы қазанда жарыққа шықты. Оның «Оқу бөлімі», «Түркістандағы халық ағарту ісі» деген бөлімдерінде оқу-ағарту, бала тәрбиесі мәселелері, алғашқы кеңестік еңбек мектебінің мазмұны, оқу бағдарламасы, сабақ жүргізу әдістемесі, орыс мектептерінің оқыту тәжірибелері таныстырылып, бұл жөніндегі маңызды пікір-ұсыныстар жарияланды. Журналда көптеген ғылыми маңызды мақалалар жарық көрді. Бірақ оның кейбір мақалаларында буржуазиялық-ұлтшылдық қате тұжырымдарға жол берілген деп есептеліп, 8 саны шыққан соң журнал 1923 жылдың мамыр айында жабылды [1,530].

«Шолпан» журналының 1923 жылы 30 маусымда 6,7,8-інші біріктірілген нөмірін шығарушы Иса Тоқтыбаев деп көрсетілген [2,253]. Кезінде Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайының директоры қызметін атқарған ақын, зерттеуші Ханбибі Есенқараеваның ұйымдастыруымен Ташкент қаласы мұрағаттарынан журналдың нұсқаларын іздеп тауып, араб әліпбиінен (төте жазу) кирилл әрпіне көшіріп, 2010 жылы журналдың толық топтамасын кітап етіп шығарды [2].

Журнал бір жағынан саяси сипатта болғандықтан қазақ халқын Кеңес Одағы мен Орта Азиядағы және Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірмен таныстырып отырды. Бұл журнал сол кездегі қоғамдық өмірдің шежіресі, әрі тарихи жәдігері болып саналады.

«Шолпан» журналына сол кездегі Қазақ елінің бетке ұстар азаматтары Н.Төреқұлов, С.Қожанов, С.Асфендияров, Т.Рысқұлов, О.Жандосов, К.Бөриев, Х.Досмұхамедов, И.Қошқынбаев, А.Досжанова, Ә.Ди-

баев, М.Есболов, К.Жаленов, С.Айзунов, Ж.Досмұхамедов, Ә.Сыдықов, А.Арабаев, Ә.Оразбаев, С.Есова және т.б. жазып тұрған. М.Дулатов «Мадияр» деген бүркеншік есіммен жазған [2,10]. Бұл тізімнен көріп отырғанымыздай Алаш қайраткерлері мен кеңестік саясатты қолдаған қазақ зиялылары жұбын жазбай ағартушылық бағытта еңбектенгені байқалады.

Қазақ еңбекшілері өлкедегі орыс большевиктерінің іс-әрекеттеріне сенімсіздікпен қарады және олардың істеріне араласпауға тырысты. «Шолпан» газетінде «...революцияның әуелгі орнықпай тұрған күндері хукімет орыс жұмысшыларының қолында болып, Түркістанда орыстардың қожалығы ғана жүрді», – деп сипаттады [2, 21].

Журналда жарияланған материалдарды зерделегенде XX ғасырдың алғашқы онжылдығында Алаш зиялылары қалыптастырған идеяны 20-жылдары революциялық-демократиялық бағыттағы зиялы қауым өкілдері де жалғастырғаны байқалады. Кеңес өкіметі Алаш қозғалысын қазақ қоғамынан аластағанымен, алаш идеясы қоғамда тамыр жайып үлгерген болатын.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қазақ әдебиетін зерттеушілер екіге жарылып, біреулері Кеңес жазушыларын ақтап, біреулері Алаш ақындарын ғана мойындап жатты. Осындай жиындардың бірінде ақиқаттан аттамайтын ғалым Тұрсынбек Кәкішев: «... Алаш партиясының азаматтары да, қазақ коммунистері де қазақ халқына қастандық ойлаған жоқ... Бір жағы Алаш партиясын тандады, бір жағы коммунистік қозғалысқа кетті. Коммуниске барған адамдар қазақ халқына қиястық жасауға, зорлық жасауға әдейі ниеттенген адамдар емес. Барлық пәле 1925 жылы Қазақстанға келген Голощекиннен басталды. Голощекин қазақ оқығандарын біріне-бірі айдап салды», – деп әділін айтқан еді [3,109].

Ресей империясының ұлттық аймақтарында, оның ішінде Қазақстанда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін большевиктер партиясының ұлттық бағдарламасына сәйкес бұрынғы отар халықтардың мемлекеттілігін құру мәселесі тұрды. Большевиктердің ұлт саясатының лениндік теориясы бойынша әр ұлттың бөлініп шығып, жеке мемлекет құруға дейін құқығы болды. Бірақ Кеңес өкіметі орнағаннан кейін бұл қағиданы толық орындағысы келмеді. Бұл мәселені шешуге бірінші кезекте социализм үшін күрескен еңбекшілердің мүддесі тұрғысынан қарау керек дегенді баса көрсетті. Ал бұл ұлттық мемлекеттілік – халықтың барлық топтары үшін қызмет ететін мемлекет емес, жұмысшылар мен шаруалар мемлекеті, яғни таптық мемлекет дегенді білдіреді деген қағиданы ұстанды [4,160].

Орталық Азияда 1918 жылы құрылған Түркістан АКСР-і және 1920 жылы құрылған Хорезм және Бұқар республикалары құрамында қазақ, өзбек, түрікмен,

тәжік, қырғыз, қарақалпақ ұлттары шашырап қоныстанған болатын.

Ұлттық-аумақтық мемлекеттік құрылымдарды құрушы халықтардың, оның ішінде Қазақ АКСР-нің басшылары мен жекелеген өкілдері осы кезеңде Мәскеудің алдына қайсыбір халықтың ұлттық-мемлекеттілік аясында бүкіл этникалық аумаққа бірлесуі (қайта бірігуі) туралы мәселе қоя бастады.

Енді, Түркістан АКСР-ін бөліп, оның құрамындағы негізінен қазақтар тұратын Сырдария мен Жетісу облыстарын Қазақ АКСР-не қосу, ал аталған үш республикада тұратын өзбек, түрікмен, тәжік, қырғыз, қарақалпақтардың ұлттық мемлекеттік құрылымдарын құру мәселесі күн тәртібіне қойылды [4, 218].

Бұл мәселе бойынша әр түрлі пікірлер, ұсыныстар туындады. Т.Рысқұлов 1920 жылы барлық түркі халықтарын біріктіретін Түркістан Кеңестік Республикасын құруды ұсынды. Кейінірек, яғни 1924 жылы Орта Азия экономикалық кеңесінің төрағасы М.Паскуцкий және Түркістан АКСР-нің Жер халық комиссары С.Қожанов та бұл идеяны қолдады. Олар осы үш республиканы Закавказье Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы сияқты саяси біріктіруді қолдады. Бірақ Мәскеу билігі бұл ұсыныстарды қабылдамады [4, 221].

1923 жылы наурызда Ташкентте Орта Азиядағы Бұхара, Хорезм, һәм Түркістан республикаларының конференциясы болып өтті. Журнал мақаласында конференцияға шақырудың мақсаты үш республиканың шаруа жұмыстарын бір жолға салу, бірлестіру екені айтылады. Бұл жөнінен конференцияның жұмысы жақсы болып шықты деген ақпарат бере келіп: *«Орта Азия бірлігі құрылғанда, ескеретін ісі – ұлт мәселесі, Орта Азияда тұратын нашар (материалдық жағдайлары төмен дегенді айтып тұр – С.Д.) ұлттардың, жұртшылығын сақтап қалу»*, – деп көрсетеді журнал [2, 255-256].

Журнал: *«Екі ауыз сөздің бірі, ұлт мәселесі, екі рет түртілген қаламның бірі ұлт мәселесі, ұлт мәселесі жұрттың жүрегіне тиген жоқ па? Деушілер де көп шығар. Коммунистер партиясы мемлекет ісін қолға алғаннан бастап, ұлт мәселесін, негізгі мәселе санап келеді. Ұлт мәселесін, теңдігін ұмытқан партия, ұлт мәселесіне тұншығатынына сөз жоқ деп келеді. Ұлт мәселесін дұрыс шешпей, тіпті күнбатыстың (яғни Батыс елдері – С.Д.) ісі де жөнделмейді»*, – деп, ұлт мәселесіне басты назар аудару керектігіне шақырады [2, 256].

Журнал мақаласы социалистік құрылыс ісінде ұлттардың мақсат-мүддесін ескеруді айта келе, әсіресе, Ресейде ішкі һәм сыртқы саясатты ұлт мәселесіне құрмай, бір ұлтқа екінші ұлттың істеп келген жауыздығын тыймай, ұлт теңдігін партияның негізгі істерінің алдына салмай, мемлекеттің ірі істерінен бастап майда кеңсе жұмыстарында да, әр ұлттың мұң-мұқтажын тексеріп отырмай, төңкеріс орнықпайды деген пікірге тоқталады [2, 256].

Журнал ұлт мәселесін қозғаудан қашқалақтайтын партия, кеңес қызметкерлерін, ұлт зиялыларын сынап, «Ұлт мәселесі туралы сөз ашылды деушілердің көбі ұлтшыл аты таңылады деп қорыққанынан, ұлт мәселесін қозғаудан қашады. Бұрын тұщыға үйреніп қалғандықтан, ұлт теңдігін сүймегендер», – деп мін тағады, олардың намысын оятуға тырысады [2, 256].

Журнал авторлары сонымен бірге: *«неғұрлым мемлекет ішінде тұратын ұлттардың саны көп болған сайын, сол ғұрлым, ұлт мәселесі шиеленісе*

бермек. Ұлт мәселесі хақында сөз көбейе бермек», – деген қауіптерін де жасырмайды [2, 256].

Орта Азиядағы жергілікті жұрттардың арасы неғұрлым қашықтаған сайын, сол ғұрлым, Орта Азияда отаршылдық күшейіп, неғұрлым жақындаған сайын, сол ғұрлым «түрікшілдік», «мұсылманшылдық» зорая бастайды деген қауіп айтады [2, 257].

Бұл жерде сол кездегі большевиктік идеологияның Орталық Азиядағы «пантюркизммен», «ислам дінінің сарқыншақтарымен» күрес жүргізу қажеттігі сияқты саяси науқанның лебі де сезіледі.

«Орта Азия республикалары шаруа һәм саяси жөнінен бірлесетін болса, ұлт мәселесін тіпті ескерусіз тастауға болмайды. Қай ұлттың болса да көздеген түпкі мақсаты, бостандық табу. Ол, талабы орындала бастағаннан-ақ өзінен төмен әлсіз ұлттарды пайдалану ниетіне кірісетін ұлттар да болады екен. Ол сөзді ілгеріде естуші едік. Бір екі жылдан бері қарай оны көзіміз де көріп келеді», – деп [2, 256], тәуелсіздікке қол жеткізген ұлттардың әлсіз ұлттарға қысым көрсетпеуі керектігін назарға ұсынады.

«Шолпан» журналында ұлтаралық қатынастарға қатысты жазылған материалдардан қазақ ұлтына басымдық беру, бұрынғы жылдары қазаққа қысым көрсеткен, тізесін батырған славян ұлты өкілдерінен есе қайтару сияқты жат пиғылдар байқалмайды.

Жапониялық алаштанушы ғалым, Хоккайдо университеті славян-еуразиялық зерттеу орталығының профессоры Томохико Уяма айтқандай, Алаш көшбасшыларының басқа ұлттармен мәмілеге келуі, ортақ тосқауылдарды шеше білуге ұмтылуы өнегелі іс болды [5].

Алаш қозғалысы қайраткерлерімен, қазақтың революциялық демократиялық бағыттағы өкілдерінің өткен ғасырдың 20-жылдарында идеялық көзқарастарындағы айырмашылықтарға қарамастан «Шолпан» журналы сияқты қазақ баспасөзі арқылы ұлт игілігі жолында, қазақ елін мекендеген өзге ұлт өкілдерінің мүдделерін ескере отырып мемлекетті қалыптастыруға, нығайтуға үндеген бірлескен еңбектері қазіргі тәуелсіздікке негіз болған іргелі істерге үлесін қосты деп түйіндеуге болады.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируются взгляды казахской интеллигенции на решение межнациональных проблем, на основе анализа, опубликованных в журнале «Шолпан» в 1922-1923 гг.

The article analyzes the views of the Kazakh intelligentsia on solving ethnic problems, based on an analysis published in the journal Sholpan in 1922-1923.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 9-том – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2007. - 688 бет.
2. Шолпан. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. - 440 бет.
3. Шаяхмет Ақылбек. Тұрсынбек ағаның тұғыры / Сырсандық. Сәкенге өмірін арнаған саңлақ. Екінші кітап: естеліктер. – Астана: Фолиант, 2016. – 448 бет.
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4 - том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 752 бет.
5. Томохико Уяма. Әр келгенде жаңа қырынан танимын. Сұхбаттасқан Светлана Ғалымжанқызы // Егемен Қазақстан. 2018 жыл, 9 қараша.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

(1941 – 1945 жылдар арасы)

Серғали ӘЛІМҚҰЛОВ (Алимкулов),
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –
Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс
университетінің магистрі, полковник

30-жылдардың соңына қарай Қазақстан аумағын соғыс жалыны шарпу мүмкіндігі болғандықтан, барлық орталық газеттердің редакцияларында тұрақты әскери бөлімдер құрылды. Әскери басылым Ұлы Отан соғысы жылдарында жеңіске жету жолында үлкен маңызға ие болды. Жалпы бағалау деректеріне сүйенсек, төрт жылғы соғыста бір миллионнан астам нақты айғақтар мен 3,9 миллионға жуық жауынгердің ерлігі жазылыпты [8].

Соғыс жылдарында Қазақстан аумағында Орта-азиялық әскери округ толық штаттық тәртіпте жұмыс жасады. Әскери басылым Ұлы Отан соғысындағы майданның ақпараттық-насихат және тәрбие жұмыстарының орталығына айналды.

Бұл жылдары қазақ тілінде 15 майдандық, 1 дивизиялық газет шықты. Олар: Батыс майданында «Красноармейская правда» – «Қызыл әскер ақиқаты», Брянск майданында «На разгром врага» – «Жауды жоюға», Калинин майданында «Вперед на врага» – «Жауға қарсы аттан», Волхов майданында «Фронтая правда» – «Майдан ақиқаты», 1-ші Украин майданында «За честь Родины» – «Отан намысы үшін», Ленинград майданында «На страже Родины» – «Отан күзетінде», 1-ші Беларусь майданында «Красная армия» – «Қызыл армия», 2-ші Беларусь майданында «Фронтая правда» – «Майдан ақиқаты», 1-ші Прибалтика майданында «Вперед на врага» – «Жауға қарсы аттан», 2-ші Прибалтика майданында «Суворовец» – «Суворовшы», 3-ші Украин майданында «Советский воин» – «Совет жауынгері», 4-ші Украин майданында «Сталинское знамя» – «Сталин туы», Карель майданында «В бой за Родину» – «Отан үшін ұрысқа», Қиыр Шығыс майданында «Тревога» – «Дабыл», Забайкал майданында «На боевом посту» – «Майдан шебінде», генерал майор Панфилов атындағы 8-ші Гвардиялық дивизиясында «За Родину» – «Отан үшін». Кейбір газеттер 1946 жылдың қаңтар айына дейін шықты. Сонымен қатар Қарулы Күштердің басты саяси басқармасынан қазақ тілінде «Блокнот агитатора» – «Үгітші блокноты» басылып шықты [9].

Бұл газеттердегі жарияланған мақалалар өзінің нақты бағыттылығымен, жауынгерлерге жеңіл түсінікті тілмен, айқын және қызықтылығымен ерекшеленді. Ол кезде БАҚ-тың басты тапсырмасы жауды жек көріністі етіп көрсетіп, жауынгерлерді тәрбиелеу, Отан сүйгіштікке, абырой, өзара көмек және намыс сезімдеріне баулу болды. Ұлттық әскери құрылымдарды құрумен әскери және саяси дайындықты ұлттық құндылықтарға сәйкестендіріп бірнеше тілде ұйымдастырды. 1943 жылдан қазақ тіліндегі газеттер аптасына 2 мәрте, төрт беттен, 30x42 см форматында, 2 мыңнан 8 мыңға дейін таралыммен шығып отырды. Әдеттегідей газеттің

бір данасы бес адамға есептеліп басылып отырды [10]. Бұл газеттердің алдына қойылған мынадай тапсырмалары болды:

-Қызыл армияның командирлері мен сарбаздарының жауға қарсы жауынгерлік тәжірибелерін көрсету,

-сарбаздардың жауынгерлік достығын арттырып, отан қорғаудағы насихат жұмыстарын жүргізу,

-тұрғылықты халықты майдандағы ұрыс барысымен ақпараттандыру,

-оқырмандарға жаудың айуандығын көрсету [11].

Мұндай газеттер тәрбие жұмыстарына үлкен демеу болып, офицерлер мен сарбаздардың саяси-жауынгерлік рухтарын көтерді.

С.К.Қозыбаевтың «Аудитория – бүкіл Қазақстан» кітабында көрсетілгендей, соғыстың бірінші кезеңдерінен бастап, басылым назарының орталығында соғыстың мақсатын және қауіптілік салдарын анықтау тұрақтылық пен тәртіптілікті бекіту халықты отансүйгіштік интернационализм және жауға деген жеккөрініштік рухында тәрбиелеу, фашистік сананы, саясатты және насихатты әшкерелеу, майдан мен сырттағы байланысты бекіту міндеттері тұрды [12].

Зерттей келе Қазақстандағы әскери басылымдар негізінен Ұлы Отан соғысы жылдарында дамығанын байқаймыз. Кең таралымда болған «Казахстанская правда», «Социалистік Қазақстан» газеттері сарбаздардың ерліктерімен қатар жалпы халықты жұмылдыруға шақырды. «Социалистік Қазақстан» газетінің бір бөлігі Республикадан тыс жерлерге яғни 44 далалық почталарға жіберілді. Орта-азиялық әскери округінің офицерлері мен сарбаздары 2 мыңнан астам дана республикалық газеттерді алып отырды [13].

Әскери газеттер соғыс уақытысында өздеріне тән емес жұмыстармен де айналысты, олар жауды газет бетіндегі мақалалар арқылы теріс ақпараттандырды. Нақтылай айтар болсақ Сталинград түбіндегі қарсы шабуылға дайындық барысында барлық Оңтүстік-Батыс, Дон және Сталинград майдандарындағы барлық газеттер қысқы жағдайдағы қорғаныс туралы мақалалар жариялады [14].

Әлемдегі соғыс тарихын алсақ, Ұлы Отан соғысы кезіндегі журналистиканың атқарған жұмысы орасан зор. Өйткені әскери газеттердің бір реттік таралымы соғыс аяқталғаннан кейін шамамен 3,5 миллион дананы құрады [15]. Журналистер, ақындар мен жазушылар өз Отандарын қорғауда көп еңбек етті.

Ұлы Отан соғысынан кейін кеңестік идеологиялық салаға мүлде жаңа міндеттер жүктелді: ең алдымен өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын тезірек қалпына келтіру мен дамытуға халықтың күшін жұмылдыру. Бірақ күшейіп жатқан Қырғи қабақ соғыстың, Батыспен идеологиялық текетірес жыл-

дары кеңестік басылымдар елдің әскери әлеуетін су жаңа қару-жарақпен нығайту қажеттілігімен үгіттеді. Соғыс біткен соң қайта құру дәуіріне дейін жалғасқан Қырғи қабақ соғысының дәрежесі біресе бәсеңдеп, біресе өршіп отырды.

Оған қоса 60-жылдары алдымен Кариб дағдарысы, АҚШ-тың Вьетнамға басып кіруі, ал кейін Қытаймен қарулы жанжал орын алды. Сол себепті кеңес басшылары КСРО-ның қарулы күштері мен әскери-өнеркәсіптік кешеннің жағдайына ерекше көңіл бөлген еді. Орта Азиялық әскери округтың (САВО) 60-жылдардың соңында Батыс пен Шығыстағы әскери-саяси ахуал қатты шиеленіскен кезде қайта құрылғанын еске салу керек. Осындай жағдайда оңтүстік-шығыс пен Қиыр Шығыс шекараға төніп тұрған қауіпті ескере отырып, кеңес үкіметі елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға тырысты [10, 249-б.]. Қырғи қабақ соғысы, Қытаймен қарулы қақтығыстар – бұл бәрінен бұрын идеологиялық жанжал, бәсекелес идеологиялардың күресі. Осылайша, КСРО мен Батыс арасындағы Қырғи қабақ соғыстың ең алдымен БАҚ арқылы – идеологиялық тайталас алаңында байқалатын еді, яғни кеңестік және әрине қазақстандық басылымдардың барлығы «буржуазиялық әлемнің» басқыншы, жыртқыштық бейнесін қалыптастырғаны кездейсоқ емес [11, 37-б.]. Тиісінше, дәл соғыс жылдарындағыдай әскердегі идеялық-саяси насихаттау мен үгіттеу мәселелері өте маңызды еді.

Осындай жағдайда әскери қызметшілер мен «кеңес тұрғындарының» идеялық-саяси тәрбиесі кеңес басшылары үшін қуатты әскерді құрудың ең басты мемлекеттік міндеттерінің біріне айналды. Бұл жұмыста бұқаралық ақпарат құралдары жауынгерлер мен қарапайым жұрттың санасына ең маңызды, таптырмайтын ықпал ету құралы ретінде пайдаланды.

Ресей сарапшысы О.Ф.Сувениров көрсеткендей, КСРО-да үгіттеу-насихаттау жұмысының көмегімен солдаттар социалистік Отанды қорғау бойынша әскери борышын саналы түрде орындауға итермеленді. Бұл жұмыста газеттерді оқуға, оның ішінде топпен оқуға көп мән берілетін еді. Әскери БАҚ қана емес, сонымен қатар партиялық, қоғамдық-саяси басылымдар да оқылатын еді. Сувенировтың айтуынша, кеңес жауынгерлерін саяси тәрбиелеудің өзегі олардың социалистік Отанға деген сүйіспеншілігін, коммунистік идеяларға адалдығын дамыту болған еді [12].

Бұл уақытта барлық қазақстандық БАҚ орталық басылымдар мен орталық партиялық аппараттың идеологиялық ұстанымдары мен штамптарын жиі көшіретін [11, 37-бет]. Қазақстандық БАҚ «Правда» мен басқа да ірі совет газеттерінің мақалаларын қайталайтын. КСРО-дағы орталық партиялық құрылымдардың тарапынан цензура мен бақылаудың жоғары дәрежесін ескере отырып, бұл жағдайды түсінуге болады. Кеңес билігінің алғашқы қалыптасу жылдарында партия басшылығы идеологиялық қарсылық пен басқаша саяси ойлаудың кез келген көріністерін басып тастады. Идеологиялық монополия барлық қоғамдық салалар мен мемлекетті басқарды [11, 36-б.].

Қорыта келе, әскери журналистиканы жауынгерлік іс-қимылдар, жанжалдар мен соғыстар туралы БАҚ ретінде ғана емес, ал сонымен бірге оларға

идеологиялық дайындау, әскери қимылдар мен милитаризмді саяси-идеологиялық негіздеу алаңы ретінде қарау қажет. Милитаризация, милитаристік мәдениет – әскери-саяси БАҚ негіздерінің бірі. Мемлекеттің бүкіл қоғам салаларына жаппай қатысуы да БАҚ-тың әскери-саяси сипаты болып табылады, себебі мемлекеттің негізгі белгісі – күш көрсету және тиісінше, күштік құрылымдардың бақылау құқығы.

Кеңес қоғамы әсіре милитаризацияланып, кез келген уақытта жауға қарсы шығуға дайын еді. Әр мектептің өзінің қабырға газеті болды, сол газет парақтарынан «кеңес патриотизмі» мен «кеңес саналылығы» тұрғысынан мектептің іс-шараларына, оның ішінде «Зарница» әскери-патриоттық ойынына, әлемдегі әскери-саяси ахуалға және т.б. баға берілді. Одан бөлек, алғашқы әскери дайындық сабақтары өткізілетін еді. Жауынгерлермен саяси сабақтарды өткізу кезінде БАҚ-ты оқу мектептегі саяси ақпарат сабақтарын, тәрбие сағаттарын еске түсіреді. Оларда елдегі, әлемдегі саяси жаңалықтар хабарланып, дүние жүзіндегі қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуал талқыланатын еді. Бір сөзбен айтқанда, милитаристік мәдениет кеңес үкіметі кезінде жұрттың тұрмыс-тіршілігінде ең басты құндылықтардың бірі еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **С.Нурбеков.** Печать Казахстана советского периода (1917-1991 гг.). // http://old.unesco.kz/massmedia/pages/1_2.htm
2. **О.В.Хлевнюк, Л.П.Кошелева, Л.А.Роговая.** Стенограммы заседаний Политбюро ЦК РКП(б)-ВКП(б). 1923-1938 гг. В 3-х т. - Т. 3: 1928-1938 гг. М.: РОССПЭН, 2007. – 816 с.
3. **С.Козыбаев.** Рожденный на переломе (к вопросу об истоках журнала «Мысль»). // <http://mysl.kazgazeta.kz/?p=382>
4. Вооружённые Силы СССР // <https://www.booksite.ru/fulltext/1/001/008/106/982.htm>
5. Еремен Казакстан // <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
6. № 354. Декрет Совета Народных Комиссаров. О Революционном Комитете по управлению Киргизским краем // <http://istmat.info/node/38280>
7. Как зарождалась и становилась военная журналистика на территории Казахстана // https://sarbaz.kz/ru/history/kak-zarogdalas-i-stanovilas-voennaya-gurnalistika-na-territorii-kazahstana-171731648/?sphrase_id=610987
8. Малый Октябрь // <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
9. **М.К.Козыбаев.** История и современность / Академия наук Казахской ССР Институт Истории, Археологии и Этнографии им. Ч.Валиханова. - Алма-Ата: «Ғылым», 1991. - 256 с.
10. **С.Нурмагамбетов.** От огненных лет до суверенной армии. Редактор-составитель М.М.Нурсеитов. - Алматы: Издательский дом «Жибек жолы», 2005. - 544 с.
11. **С.В.Ашенова.** История казахской журналистики. Учебно-методическое пособие. – Павлодар: Павлодарский Государственный Университет им. С.Торайгырова, 2009. – 86 с.
12. **О.Ф.Сувениров.** Коммунистическая партия – организатор политического воспитания Красной Армии и Флота. 1921 – 1928 гг. М., 1976. - 291 с.

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ ЖӘНЕ АШТЫҚПЕН КҮРЕС

Фатима КОЗЫБАҚОВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Бекболат ТІЛЕП (Тілеп),
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының магистранты

Қазіргі таңда әлемді мойындатып, жоғары беделге ие болып отырған еліміздің тарихы бірнеше күрделі кезеңдерден тұрады. Қазақ халқы аса ауыр саяси, әлеуметтік-экономикалық процестерді басынан өткерді. Ең ауыр кезеңнің бірі – XX ғасырдың бірінші жартысы болғаны халқымызға аян. Ресей империясының орталық саясатының кесірінен қазақ халқының құнарлы да шұрайлы жерлерінен айырылуы, көшпелі мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырауы, 1917 жылғы орыс революциялары, азамат соғысы мен ашаршылық халыққа ауыр тиді. Кеңес төңкерісі кезінде патшалық Ресейдің қанаушылығы мен әлеуметтік әлсіздігіне қарсы көтерілген жергілікті халықтардың көшбасшысы болған Тұрар Рысқұлов – ел тарихында және қазақ мемлекетінің саяси және экономикалық дамуында өшпес із қалдырған даңқты тұлға.

Әйгілі тарихшы Манаш Қозыбаев айтқандай: «Тұрар Рысқұловтың әлем тарихындағы тұғыры биік, жұлдызы жарық, ол Сун-Ят-Сен (Қытай), Джавахарлал Неру (Үндістан), Мұстафа Кемал-паша Ататүрік (Түркия) қатарындағы қайраткер екендігі күмән тудырмайды» [1]. Қазақстан аумағының тең жартысы 1917-1924 жылдары әкімшілік жағынан Түркістан автономиясының құрамында болды. Революция мен азамат соғысы жылдарында Түркістанның басқа да мұсылман халықтары сынды қазақтар да үлкен әлеуметтік-экономикалық апатқа ұшырап, сұрапыл ашаршылықты басынан өткізді. Миллиондаған халқымыз құрбан болды.

Жұртымызға аса ауыр болған осындай қиын-қыстау кезеңде Алланың өзі туған халқына қызмет етуді нәсіп еткен тұлғалар саны аз болмады. Солардың бірі – Орталық Азияда ірі саяси қайраткер Тұрар Рысқұлов. Ол – Орталық Азия республикалары мен Қазақстанның болашақ саяси және экономикалық тәуелсіздігінің негізін қалаған тарихи тұлғалардың бірі болды. Ол Орталық Азияның халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендету, өндірісті дамыту, оқу-ағарту ісін жолға қою мен сауатсыздықты жою, халықтардың саяси-экономикалық және әлеуметтік құқығын теңестіру және тағы басқа орасан зор ауқымдағы шараларды іске асырды [1].

1918 жылы күзде Түркістан автономиясының Денсаулық сақтау халық комиссары болып Тұрар Рысқұлов тағайындалды. Комиссариаттың жұмысы қайта құрылып, негізгі күш-қуат халық арасында кең тараған жұқпалы ауруларды жою ісін ұйымдастыруға, дәрігерлік көмекті дұрыс жолға қоюға жұмсалады. Комиссариаттың ашаршылыққа ұшырап, аурудан баудай түсіп жатқан жергілікті халықтың жағдайын жеңілдету мақсатында атқарған жігерлі қызметі көптеген кедергілерге ұшырайды.

